-қандай жағдайда экспорт пен импорт икемді және қандай жағдайда икемсіз деп саналады?

Экспорт карточкасы (іскерлік-танымдық ойын)

Аты-жөні _____

Алтын Претория	Мұнай Эль-Рияд	Каучук Куала-Лумпур
Мыс Сантьяго	Бокситтер Парамарибо	Ағаш отын Оттава
Фосфаттар Рабат	Аллюминий Кингстон	Уран Ниамей
Джут Дакка	Автомобильдер Токио	Жеміс-жидек Мадрид
Қант Манила	Какао Аккра	Кофе Богота
Мақта Мехико	Киім Сеул	Шай Коломбо
Қалайы Ла-Пас	Күріш Бангкок	Машиналар Стокгольм
Балық Рейкьявик	Копра Апиа	Өңделген алмаздар Иерусалим
Ет Веллингтон	Табиғи газ Алжир	Банандар Тегусигальпа
Нақты құралдар Берн	Темір рудасы Нуакшот	Тоқыма өнімдері Париж

Орындау шарты: группа екі топқа бөлінеді. Оларға «Әлемнің саяси» картасы беріледі. Жоғарыдағы кесте бойынша картадан аталған астаналар бойынша мемлекеттерді тауып, желім-қағаз жапсыру арқылы белгілеу керек. Мақсат: қай топ мемлекеттерді бірінші болып, әрі дұрыс таба біледі.

Осы мемлекеттер көрсетілген өнім түрлері бойынша әлемдік экспорттың көшбасшылары болып саналатынын есте сақтаңыздар.

4 БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАНЫҢ ТАБЫСТАРДЫ БӨЛУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУІ

1. Халықаралық сауданың табысқа әсері
2. Ю. Рыбчинский теоремасы

1.Классикалық абсолютті және салыстырмалы артықшылықтар теориялары «халықаралық экономика ел ішіндегі табысты бөлуге әсер етпейді» деген болатын. Барлық теориялар үшін саудадан түсетін табысты бөлу мен қайта бөлу туралы мәселе өте маңызды мәселелердің бірі болды. Э. Хекшер – Б. Олиннің өндіріс факторлары арақатынасы теориясы «жеткілікті өндіріс факторларының қожайындары саудадан ұтса, керісінше жеткіліксіз өндіріс факторларының қожайындары саудадан ұтылатындығын» көрсетті.

Ерекше өндіріс факторлары моделі барлық факторларды салалар арасында еркін қозғалатын мобильді және тек белгілі бір салаларға тән ерекше факторларға бөледі. Халықаралық сауда нәтижесінде экспорттық сектор үшін ерекше факторлар дамиды, ал импортпен бәсекелес сектор үшін ерекше факторлар қысқарады. Осы салалар арасында еркін қозғалыстағы мобильді факторлар не дамиды не қысқарады. Халықаралық капитал қозғалысының ғайып болу жағдайында елдің импорт көлемі ағымдағы салыстырмалы бағада экспорттан түсетін табыспен шектеулі.

Дегенмен, Эли Хекшер – Бертил Олин - Пол Самуэльсонның өндіріс факторларына бағаны теңестіру теоремасы сауда нәтижесінде тауарға салыстырмалы бағаны теңестіру өндіріс факторларына салыстырмалы бағаны теңестіруге әкеледі.

Вольфганг Столпер - Пол Самуэльсонның өндіріс факторларының бағасына тауар бағасының өзгеруінің әсері теориясы: халықаралық сауда бағасы өсіп бара жатқан тауар өндіріс үшін интенсивті қолданылатын факторлар иесінің табысының өсуіне және бағасы төмендеп бара жатқан тауар өндірісі үшін интенсивті қолданылатын факторлар иесінің табысының төмендеуіне әкеледі.

В. Столпер – П. Самуэльсон теоремасы – халықаралық сауда бағасы жоғары тауар өндірісі үшін салыстырмалы интенсивті қолданылатын фактор бағасы өсіміне және бағасы төмен тауар өндірісі үшін салыстырмалы интенсивті қолданылатын фактор бағасының төмендеуіне әкеледі.

Өндіріс факторлары арақатынасы теориясын дамыта отырып, П. Самуэльсон - Рональд Джонстың ерекше өндіріс факторлары теориясы сауда нәтижесінде артық өндіріс факторларының қожайындарының барлығының табыстары өспейді, тек елдің экспорттық салалары үшін ерекше өндіріс факторлары қожайындарының табыстары өсетінін және салыстырмалы жеткіліксіз өндіріс факторлары қожайындарының барлығының табыстары қысқармайды, тек импортпен бәсекелес салалар үшін ерекше өндіріс факторлары қожайындарының ғана табыстарының қысқаратынын көрсетті.

Сонымен Самуэльсон-Джонс теоремасы – бұл сауда нәтижесінде экспорттық салалары үшін ерекше өндіріс факторлары қожайындарының табыстары өседі және импортпен бәсекелес салалар үшін ерекше өндіріс факторлары қожайындарының табыстары қысқарады.

Кесте 2

Сауда нәтижесінде табыстардың бөлінуін түсіндіруші теориялар

Халықаралық сауда теориясының түсінігі	Табыстардың бөлінуін түсіндіру
Абсолютті және салыстырмалы артықшылықтар теориялары	Табыстарды бөлу мәселесі қарастырылмаған

Өндіріс факторларының қатынасы теориясы	Хекшер-Олин: әр ел өндіріс факторы жеткілікті тауар түрлерін өндіріп, оны экспортқа шығарады, ал импорттан өнімдерде өндіріс фактор жетіспейтін тауар түрлерін сатып алады.
Өндірістік ерекше факторлары	Самуэльсон-Джонс: сауда нәтижесінде экспорттық салалар үшін ерекше факторлардың иелерінің табыстары өседі, ал импортпен бәсекелес салалардың ерекше факторлары иелерінің табыстары азаяды
	Столпер-Самуэльсон: халықаралық сауда бағасы өсіп келе жатқан тауарды өндіру үшін белсенді қолданылатын факторлар бағасының өсуіне әкеледі, бағасы төмендеп келе жатқан тауарды өндіру үшін қолданылатын факторлардың бағасының төмендеуіне әкеледі.
	Рыбчинский: басқа да өзгермелі факторлардың тұрақтылығы кезіндегі ұсыныс факторларының бірінің өсуі осы факторларды қарқынды пайдалану барысындағы тауар өндірісінің өсуіне және басқа тауарлар өндірісінің қысқаруына әкеледі.

Дерек көзі: Киреев А.П. Халықаралық экономика. – М., 2005. с.129.

2. Т. Рыбчинский теоремасында сипатталатын факторлар ұсынысының бір қалыпты емес өсуінің мына тұрғыдағы маңызы ерекше: басқа да өзгермелі факторлардың тұрақтылығы кезіндегі ұсыныс факторлары бірінің өсуі осы факторды қарқынды пайдалану барысындағы тауар өндірісінің өсуіне және басқалай тауарлар өндірісінің қысқаруына әкеледі.

Т. Рыбчинский теоремасы іс-жүзінде бірнеше рет дәлелденді. Осылайша Голландияның – «голландиялық сырқаты» индустриализациясыздандырудың хрестоматиялық сипатына айналып үлгерді. Бұл мәселе Голландияның белсенді түрде кен орнын ашып, пайдалануына байланысты пайда болды. Сөйтіп табиғи газды өндірудің өсуіне орай Голландияның өнеркәсіптік экспорты қысқара түскендей әсер қалдырды, ал жылу отынының барлық түріне әлемдік нарықтағы бағаның өсуі бұл тенденцияны күшейте түсті. Осылайша, дүниежүзілік сауданың ұнамды жақтарымен қатар, ұнамсыз салдарының да болуы мүмкін. Бұл сыртқы сауда саясатында еркін сауда мен протекционизм тәрізді екі бірдей тенденцияның бар екенін көрсетеді.

Р. Джонстың күшейту эффектісі – экзогенді айнымалы өзгерістің әсерінен эндогенді экономикалық айнымалы өзгеріс пропорциональды емес. Мысалы: еңбексыйымды тауар өндірісіне жұмсалған өндіріс факторлары – еңбек бағасы 5 долл. және жер бағасы сондай-ақ 5 долл., яғни тауар бағасы $5 + 5 = 10$ долл. халықаралық сауда нәтижесінде оның бағасы 11 долл. (10%) дейін өсті. Теоремаға сәйкес еңбексыйымды тауар бағасы өскенде еңбек бағасы да өседі, өйткені ол өте интенсивті қолданылады. Ал жер бағасы – төмендейді. Мысалы жердің бағасы 4,5 долл. дейін төмендеді делік. Осындай жердің бағасында еңбек бағасы $11 - 4,5 = 6,5$ долл. дейін өсті, яғни тауар бағасы 10%-ға емес 30% дейін ($6,5 / 5 \times 100$) өсті. Р. Джонстың күшейту эффектісі осылай білінеді.

СӨЖ тапсырмалары:

- 1) Тәжірибе сабағына дайындалу, әдебиеттерді оқу.
- 2) Өзін-өзі тексеру үшін төмендегі сұрақтарға жауап беру керек.
 - 1.Ерекше факторлар моделінде табысты бөлуге халықаралық сауда қалай әсер етеді?
 - 2.Ерекше факторлар моделінде ерекше және мобильді өндіріс факторларының айырмашылығы неде?
 - 3.Халықаралық саудада бюджеттік шектеу дегеніміз не?
 - 4.Столпер-Самуэльсон теоремасын тұжырымдаңыз.

5. Рыбчинский теоремасын тұжырымдаңыз.

6. Джонстың күшейту эффектісі дегеніміз не?

Дұрыс жауапты тап:

1) X және Y өнімдерін өндіретін A және B елдері арасында тиімді сауда қатынасын анықтау үшін, салыстырмалы артықшылықтар теориясы бойынша нені бағалау қажет?

A) A және B елдеріндегі X тауарын өндіру шығындарының осы елдердегі Y тауарын өндіру шығындарына қатынасын;

B) елдер арасындағы сауда қатынасы қалыптасқанға дейінгі A еліндегі X және Y тауарларын өндіру шығындарын B еліндегі X және Y тауарларын өндіру шығындарына қатынасын;

B) екі елдегі X және Y тауар өндірісінің абсолютті көрсеткіштерін;

Г) жауаптар дұрыс емес.

2) Аталғандардың қайсысы Хекшер-Олин теоремасын сипаттамайды?

A) ел өндіріс факторымен артық қамтамасыз етілген болып саналады, егер осы өндіріс факторының саны әлемдегі басқа елдердегі санынан артық болса;

B) елдер өзінің артық тауарларын импорттайды;

B) салыстырмалы шығындардың еларалық өзгешеліктері елдердің өндіріс факторларымен әртүрлі деңгейде қамтамасыз етілуімен анықталады;

Г) елдер өндіруде өндіріс факторлары жетіспейтін тауарларды импорттан алады.

3) Кестеде 2 елдегі X және Y тауарларына кететін еңбек шығыны (сағатына) көрсетілген. Осы мәліметтер бойынша нені көруге болады?

	Елдер	
	A	B
X тауардың бірлігі	2	1
Y тауардың бірлігі	2	8

A) B елінің X және Y тауарларын өндірудегі абсолютті артықшылығын;

B) A елінің X және Y тауарларын өндірудегі салыстырмалы артықшылығын;

B) сауда қатынасында B елі X тауарын өндіруге маманданады;

Г) сауда қатынасында A елі X тауарын өндіруге маманданған.

4) A елінде Z тауарының бірлігіне - 10 сағат, W тауар бірлігіне - 15 сағат жұмсалады. Ал B елінде Z тауарына - 18 сағат, W - 45 сағат жұмсалған. Осы елдер арасында сауда қатынасы болуы мүмкін бе? Егер, ИӘ болса, онда әр ел қандай тауар түрін экспорттайды? Жоқ болса, не себепті?

5 БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАНЫ ТАРИФТІК РЕТТЕУ ӘДІСТЕРІ

1. Халықаралық сауданы тарифтік реттеу шаралары
2. Кедендік баж салықтарының жіктелуі
3. Кедендік тариф және тиімді тарифтік қорғау саясаты

1. Мемлекеттік сауда саясаты - бұл ішкі нарыққа шетелдік тауарлардың келуін реттеу саласындағы, сондай-ақ бұл мемлекеттің тауарлары шетелдік нарыққа жетімді болуын қамтамасыз ететін саясат. Сауда саясаты негізінде тауарлар саудасы мен қызметтер саудасын қарастырады.

Ұлттық және әлемдік нарықтардың арасындағы өзара қарым-қатынас жағдайын сауда саясаты анықтайды. Белгілі мемлекеттің сауда саясаты өз бейнесін сауда режимінде табады. Сауда режимі - бұл ұлттық және әлемдік нарықтық қарым-қатынасын қалыптасытру үшін қолданылатын шаралар жиынтығы.

Мемлекеттік сауда режимінің сипаты кедендік тарифтің орташа деңгейін, сондай-ақ санды шектеулердің интенсивтілігі мен орташы деңгейін есептейтін агривалдық көрсеткіш ретінде анықталады.

Импорттық кедендік салымының орташа деңгейі 10% төмен, ал сандық шектеу импорттың 25% басып, тіркеу сипатына ие болатын мемлекеттің сауда режимі салыстырмалы түрде ашық болып танылуы мүмкін.

Мемлекеттік халықаралық саудаға араласу масштабына байланысты протекционистік сауда саясаты және еркін сауда саясаты деп айырамыз (жабық экономикадан ашық еркін сауда саясатына көшу жағдайын сыртқы сауданы либерализациялау деп аталады).

Еркін сауда - еркін нарық күштері сұраныс пен ұсыныстың, негізінде дамитын сыртқы саудаға мемлекеттің минималды араласу саясаты.

Протекционизм - тарифтік және тарифтік емес құралдарды қолдану арқылы ішкі нарықты шетелдік бәскеден сақтау үшін қолданылатын мемлекеттік саясат. Бұндай шектеулерді сауда кедергісі деп атайды.

Халықаралық сауданы мемлекет тарапынан реттеу екі түрлі әдіс арқылы жүзеге асырылады:

- кедендік-тарифтік әдістер.
- бейтарифтік немесе әкімгершілік әдістер.

Халықаралық сауданы кедендік-тарифтік реттеу кедендік төлемдер жүйесіне енетін экспорт-импорттық тарифтерді қолдануға байланысты жүргізіледі.

Бейтарифтік реттеулер – мемлекет тарапынан енгізілетін әкімгершілік әдістерді қамтиды.

Кедендік баж салығы – бұл меншіктің кедендік территориясына тауар әкелу немесе алып шығу кезінде кедендік ұйымдар арқылы алынатын міндетті жарна. Кедендік баж салығы кедендік тариф ретінде қолданылады. Кедендік тариф – кедендік баж салықтарының сомалары жүйелі түрде көрсетілген құжат. Кедендік тариф шекара арқылы өтетін тауарлар үшін негізгі шарт болып табылады. Кедендік тарифтегі салықтардың деңгейі елдің экономикалық даму деңгейіне және тауарды өңдеу және т.б. жайттарға байланысты. Экономикалық даму деңгейлері төмен елдерде кедендік салықтардың мөлшері жоғары болады, себебі салықтың көп болуына байланысты елдің жеткіліксіз дамыған салалары шетелдік бәсекеден қорғалады.

Кейбір елдерде арнайы бір елдер үшін кедендік тариф режимінің жеңілдетілген түрі қолданылады, яғни преференция беріледі. Преференция - 1 елдің 2 елге экономикалық қарым-қатынасты жақсарту мақсатында, басқа 3 бір елге таратылмауы жайындағы келісім негізінде жасалатын ерекше жеңілдіктер.

2. Сыртқы сауданы реттеудегі ең кең қолданылатын құрал болып кеден тарифтері табылады.

Кедендік тариф – бұл кедендік шекара арқылы жылжитын тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының жүйелендірілген жиынтығы. Кедендік тариф түсінігі көп жағдайда, кедендік баж түсінігімен сәйкес келеді. Кедендік баж мыналарға жіктеледі: импорттық, экспорттық, транзиттік, маусымдық, антидемпингтік, компенсациялық, автономдық, конвенциондық, преференциялық, спецификалық, адвалорлық, құрама.

Кеден тарифтерінің жіктелуі.

Салық салу объектісі бойынша:

-импорттық – бұл елдің ішкі импортқа еркін айналысқа түсетін импорттық тауарға салынатын баж салықтары. Ұлттық өндірушілерді шетел бәсекелестігінен қорғау үшін барлық мемлекеттермен пайдаланатын кең таралған форма.

-экспорттық – экспорттық тауарларға салынатын баждар. Олар өте сирек қолданылады, өйткені олар әлемдік нарықтағы тауар құнын қымбаттатады. Сондай-ақ ол, мемлекет тауарларының сыртқа әкетілуін шектеуге ұмтылған кезде де қолданылады.

-транзиттік – аталмыш ел территориясы арқылы транзитпен тасымалданатын тауарларға салынады. Оларда өте сирек қолданады, себебі, олар тауар ағымдарына кедергі жасап, сауда соғысы құрамы ретінде қолданылады.

Сипаты бойынша:

-маусымдық – маусымдық сипаттағы өнімнің халықаралық саудасын реттеу үшін қолданылады. Ең алдымен ауыл-шаруашылық өнімдерді. Олардың әрекет ету мерзімі бірнеше айдан аспайды.

-антидемпингтік – экспортталатын елдегі қалыпты бағаға қарағанда неғұрлым төмен бағамен тауарлардың елге әкелуі кезінде салынады.

-компенсациялық – тауарларды өндірі барысында тікелей немесе жанама субсидиялар пайдаланатын тауарларды импорттауға салынады (егер олардың импорты осындай тауарлардың ұлттық өндірушілеріне зиян келтірсе).

Пайда болуы бойынша:

-автономды – елдің мемлекеттік билік органдарының бір жақты шешімдерінің негізінде еңгізілетін баж.

-конвенциондық – келісім-шарттық тарифтер мен сауда туралы бас келісім – сияқты, немесе Кедендік Одақ туралы келісім сияқты, екі жақты немесе көп жақты келісімдер негізінде орнатылатын баждар.

-преференциалды – дамушы елдерден шығатын тауарларға көп жақты келісімдер негізінде салынатын әрекет етуші кеден тарифімен салыстырғанда неғұрлым төмен ставкаларға ие баждар.

Алу тәсілі бойынша үш түрлі тарифтер болады: спецификалық; адвалорлық; құрамдық.

Спецификалық – салмақ, көлеммен есептелуі. Мысалы, бидайдың әрбір центтеріне бір доллар көлемінде баж салығын салу. Ал адвалорлық – тауар бағасына қатысты пайызбен есептеледі. Құрамдық – кеден салығының екі аталған түрлерін қамтиды. Мысалы, кеден құнынан 20% бірақ 1 тоннаға 10 доллардан жоғары емес.

Кедендік тариф құрамына қарай қарапайым және күрделі болып бөлінеді. Қарапайым кедендік тариф әр тауарға қолданылатын біртұтас қойылым негізінде құрылған. Күрделі кедендік тариф бірнеше салым қойылымына байланысты белгілі мемлекеттің тауарына қолданылатын максималды, аралық преференциалды.

Қазіргі уақытта барлық мемлекеттер көп бағалық тарифке ие. Бұндай күрделі тарифте көбінесе генералды және автономды баж басым. Ол сауда келісім шарты немесе бітімі жоқ мемлекеттерден импортталатын тауарларға салынады.

Көп бағалы кедендік тариф

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатура бойынша тауар коды	Тауардың қысқаша атауы	Ставкалар немесе кедендік баждар		
		1	2	3
37	Фото және кино тауарлары	2,5	5	10

Біздің тариф мысалында автономды немесе генералды баж 10% (үшінші бағана) құрайды, ол максималды. Тарифтік базалық ставкасын 5% (екінші бағана) баж құрайды. Бірінші бағана дамушы мемлекеттердің тауарларының баждарына арналған. Кедендік салықтар келесі 3 негізгі қызмет атқарады:

-фискалдык: экспорт-импорттық баж салықтары, олар мемлекеттік бюджеттің табысты бөлігін құрайды;

-протекционистік (қорғаушы) – мемлекеттің көмегі арқылы отандық өндірушілерді бәсекеден қорғайды;

-теңдестіруші – экспорттық баж салықтарына қатысты, яғни ішкі нарықтағы бағасы әлемдік нарықтағы бағадан төмен тауарлардың экспортқа шығуын азайту мақсатында қолданылады;

Баж салықтары келесі белгілеріне қарай топтастырылады:

1.Тауарлардың қозғалыс бағытына қарай:

- импорттық, экспорттық және транзиттік салықтар;

2.Белгілеу тәсілі бойынша: адвалорлық, арнайы, аралас;

-адвалорлық – тауар бағасының пайызы бойынша. Қазіргі кезде адвалорлық салықтың деңгейі 6% шамасында (ГАТТ арқылы белгіленген);

-арнайы – белгіленген түрде тауар мөлшеріне қарай (1 тонна – \$10);

-аралас – екеуі бірге жүреді (мысалы: тауар құнының 20%, бірақ 1 тоннасына \$10 аспайды).

Жиі кездесетіні – адвалорлық салықтар.

3.Қызмет бағыты бойынша баж салықтары:

-преференционалды – 1 тауар түрі бойынша немесе 1 елге қолайлы жағдай жасау мақсатында белгіленген мөлшерден төмен деңгейде салық салу;

-дискриминациялық баж салықтары – белгілі бір елге немесе тауар түріне қарсы қолайсыз жағдай тудыру мақсатында қолданылады;

-антидемпингтік салықтар – елдің аумағына арзан бағамен келген тауарларға салынады;

-автономды – елдің мемлекеттік басқару органдарының бір жақты шешімі негізінде салынатын баждар;

-конвенциялық – ГАТТ немесе кедендік одақ тұралы келісім сияқты екі жақты немесе көп жақты келісімдер негізінде бекітілген баждар.

3. Кедендік-тарифтік реттеу кедендік-тарифтік шарасын қолдану негізінен сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу жиынтық әдістері болып табылады. Сыртқы сауда қызметінде кедендік-тарифтік реттеудің негізгі мақсаттары:

1. Тауарларды әкелудің тауарлық құрылымын ұтымды ету;

2. Тауарларды әкетудің және оған әкелудің ұтымды арақа-тынасын ұстау;

3. Тауарларды өндіру және тұтыну құрылымында прогрес-сивтік өзгерістер үшін жағдайлар жасау;

4. Импортталатын тауарлардың қолайсыз әсерінен экономи-каны қорғау;

5. Әлемдік экономикаға тиімді ықпалдасуы үшін жағдай-ларды қамтамасыз ету;

6. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу: кедендік баждар; тарифтік жеңілдік; тарифтік преференциялар; тарифтік квоталар жолдарымен жүзеге асырылып қолданылады.

Үшінші елдерден Еуразиялық экономикалық одағының бірыңғай кеден аумағынан әкелінетін, Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген, тауарларға қолданылатын кедендік баждар мөлшерлемесінің жиынтығы кедендік-тарифтік реттеудің негізі болып табылады.

Тарифтік жеңілдік әкелінетін тауарларға қатысты, кедендік әкелу баж төлемінен босату немесе кедендік әкелу баж мөлшерлемесін төмендету түрі болып табылады және тауарлардың шығарылған еліне байланысты емес және жеке сипатта бола алмайды. Тарифтік жеңілдіктер қолдану шешімі консенсус негізінде қабылданады.

Тарифтік преференциялар жүйесі дамушы және анағұрлым аз дамыған елдердің экономикалық дамуына көмек көрсету мақсатында қолданылады. Тарифтік преференция беру, дамушы елдерден шыққаны айқындалған тауарларға қатысты 25%-ға төмендетілген кедендік баж мөлшерлемелерін пайдаланылуында болып келеді. Осы тауарлар анағұрлым аз дамыған елдерден шыққан кезде, нөлдік кедендік баждар қолданылады. Сонымен қатар, еркін сауда келісімін жасаған жағдайда, преференциалды нөлдік кедендік баж қолданылады.

Тарифтік квота - тауардың белгілі бір санын әкелу кезінде кедендік әкелу бажының неғұрлым төмен ставкасы (табиғи немесе құнды түрде) және осы саннан тыс кедендік әкелу бажының неғұрлым жоғары ставкасының белгілі бір кезеңі ішінде қолданылуын көздейтін тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуді реттеу шарасы. Үшінші елдерден шыққан және экономикалық одағының кедендік аумағына әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлеріне қатысты қолданылады, бұл ретте Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағында ұқсас тауарлар өндірілетін (шығарылаған, өсірілген) жағдайда, тарифтік квота белгілеуі рұқсат етіледі.

Кедендік шекара арқылы өтетін тауарлар, көлік құралдары кедендік рәсімдеуден өтеді. Кедендік декларация дегеніміз ұлттық заң талаптарына сай толтырылған, шекара арқылы өтетін тауар жөнінде барлық қажетті ақпараттарды беретін құжат. Тауар немесе транспорт құралдарын шекара арқылы өткізуші декларант болып саналады. Тарифтік экскалация дегеніміз тауарды өңдеу деңгейіне қарай кедендік салық мөлшерін өсіру. Тарифтерді жақтаушы аргументтер:

- тарифтер жаңа өндіріс орындарын қорғайды;
- тарифтер отандық өндірістің дамуына ықпал етеді;
- тарифтер - бюджеттің негізгі табыс көздерінің бірі;
- тарифтер - ұлттық қауіпсіздікті қорғаушы.

Қарсы аргументтер:

- тарифтер - экономикалық өсімді төмендетеді;
- тарифтерді бір жақты енгізу сауда қақтығыстарына әкеледі;
- тарифтер – еңбекпен қамтамасыз етілу деңгейін төмендетеді.

Тиімді тарифтік қорғау саясаты – бұл импорттық шикізаттарға импорттық бажды төмен ставкамен және соңғы тауарларға импорттық бажды жоғарғы ставкамен қолдану саясаты. Оптималды тариф ставкасы – ұлттық экономикалық әл-ауқаттың максимальды деңгейін қамтамасыз ететін тариф деңгейі. Оптималды тариф әлемдік шаруашылыққа пайдалы емес, өйткені сатып алушы ретінде монопольды жағдайға ие, елдің ұтысы экспорттер елдердің ұтыснан төмен. Оптималдық тариф бір елден басқа елге табысты қайта бөлуші болып табылады. Кедендік баждың айнымалы түрі – тарифтік квота, оның ставкасы импорт тауар көлеміне тәуелді.

СӨЖ тапсырмалары:

2013 жылы Қазақстанның экспортының көлемі - \$32899,6 млн., импорты - \$18324,17 млн. құрады. Ал 2014 жылы экспорт - \$27849,0 млн., импорт - \$17352,5 құрады. Осы көрсеткіштерге қарап табыңыз:

-2013-2014жж. ҚР-ң сыртқы сауда айналымы көлемін;

-2013-2014жж. сыртқы сауда сальдосын;

-2013ж. салыстырғандағы 2014ж. экспорттың немесе импортының көлемінің ұлғаюуы/кемуі неше пайызды құрайды? Кемуі себебі неліктен? Өсуі себебі неге байланысты деп ойлайсыз?

2. Төмендегідей тұжырымдамалар қай теоремалар негізінде жасақталған:

1) азық-түлікке бағаның өсуі азық-түлік өндіруде белсенді қолданылатын факторлар иелерінің табыстарының өсуіне және басқа факторлар иелерінің табыстарының төмендеуіне алып келеді (Столпер-Самуэльсон).

2) Жұмысшы күші көлемінің өсуі салдарынан еңбек сыйымды (еңбекті көп қажет ететін) тауарлар өндірісі ұлғаяды, ал капитал сыйымды (капиталды көп қажет ететін) тауарлар өндірісі қысқарады (Рыбчинский).

3) Жұмысшы күші жеткілікті елдер салыстырмалы түрде капиталды көп қажет ететін тауарларды импорттайды (Хекшер-Олин).

3. Егер ел белгілі бір тауар түрін өндіруде салыстырмалы артықшылық-тарға ие болса, онда осы ел абсолютті артықшылықтарға да ие деп санауға бола ма? Немесе керісінше, ел абсолютті артықшылықтарға ие болса, салыстырмалы артықшылықтарға да ие болады деп есептеуге бола ма? Түсіндіріңіз.

4. Қазақстанда өндіріс факторының қай түрін жеткілікті деп санауға болады: капитал, жер немесе еңбек? Сіздің ойыңызша қайсысы? Не себепті? Осыған орай, Қазақстан үшін қандай тауар түрін өндіріп, сатқан пайдалы: капиталсыйымды, жермен жақсы қамтамасыз етілген немесе еңбек сыйымды?

6 БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАНЫ БЕЙТАРИФТІК РЕТТЕУ

1. Халықаралық сауданы бейтарифтік реттеу әдістері.
2. Сауда саясатының жасырын әдістері.
3. Сауда саясатының қаржылық әдістері.

1. Бейтарифтік шектеу – импорт пен экспортты реттеу мемлекет мақсатымен қолданылатын әкімшілік және экономикалық (қаржы, несие және т.б.) шараларының жиынтығы.

Шет елдердің сыртқы саудасында сан жүздеген бейтарифтік шектеулер, импортты шектеу, лицензиялау (рұқсат ету тәртібі) т.б. пайдаланылады. Бейтарифтік шектеулер – кеден-тарифтік саясаттың шеңберінен шығатын және сыртқы сауданы реттеу кезінде ұлттық сауда саясатының құралы ретінде пайдаланылатын экономикалық және әкімшілік шаралардың жиынтығы.

Бейтарифтік шектеулер жөніндегі шаралардың бес түрі бар, олар: кедендік және әкімшілік шараларды әзірлеу (демпингке қарсы баж салығы), саудадағы техникалық кедергілер, ыдысқа, тауарды таңбалауға, тағыда басқа қойылатын төлемдер мен алымдар механизміне негізделген импортты шектеу (шекара маңындағы салық режимі, импорттық депозиттер, және т.б.). Тауарлар мен көлік құралдарын әкетуді немесе қайтаруды тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші адам немесе тасымалдаушы жүзеге асырады.

Сыртқы экономикалық қызметте бейтарифтік қадағалау механизмі жоғары деңгейде қарастырылады және жүзеге асырылады.

Әлемдік тәжірибеде бейтарифтік шектеулер қатынасы жеткілікті түрде қарама-қайшы. Бір жағынан Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) бейтарифтік реттеу шараларын қысқартып, сыртқы саудада тек қана тарифтік әдістерге көшуді ұсынады, бірақ кейбір бейтарифтік реттеу шараларын қысқартуға болмайды, себебі, ол басқа елдермен сауда – экономикалық қарым-қатынаста елдің ішкі экономикалық саясатына әсер ететін механизм.

БҰҰ-да қабылданған бейтарифтік әдістердің тізімінен, Қазақстанда тек қана үшеуі қолданылады:

1) Тікелей экспорттық және импорттық шектеулер, мұндағы басты мақсат ұлттық өндірістің белгілі және негізгі салаларын қорғау әдісі. Олардың қатарына кіретіндер: лицензия және квота, сонымен қатар шектеу немесе тауардың тасымалдануына, яғни әкетілуіне немесе әкелінуіне тыйым салу.

2) Импорттық және экспорттық тауарларды және көлік құралдарын қадағалау, кедендік және административті формалдылық экспорттық бақылауды, сертификаттауды, валюталық бақылауды қосқанда, сонымен қатар кедендік құндарды бағалау әдісі және тауардың шыққан елін анықтау және олардың рәсімделуіне қойылатын талаптар.

3) Стандарттар және қажеттіліктер, қауіпсіздік нормала-рымен және экологиямен және санитарлы-ветеринарлық нормалармен, тауардың моркировкасына және сыртқы қорабының рәсімделуімен байланысты.

Бейтарифтік кедергілер үш топқа бөлінеді:

1) Белгілі бір отандық өндіріс салаларын қорғауға бағытталған импортты тікелей шектеу шаралары: квоталар, лицензиялар, орнын толтыру (компенсационные) алымдары, импорттық депозиттер және демпингке қарсы және баж салықтары;

2) Тікелей сыртқы сауданы шектеуге бағытталмаған, бірақ сондай нәтижеге әкелетін әкімшілік шаралар: кедендік құжаттарды дайындау, техникалық және санитарлық стандарттар мен нормалар, тауарды орау мен таңбалауға қойылатын талаптар т.б. сияқты

3) Сыртқы сауданы шектеуге тікелей бағытталмаған, бірақ сол нәтижеге әкелетін басқадай шаралар:

Квота (контингент) деп – белгілі бір кезеңде импорттық немесе экспорттық тауардың құнына немесе мөлшерін шектеуді түсінеміз. 0-ге тең квота қойылған жағдайда, импортқа немесе экспортқа тыйым салыну, басқаша айтқанда эмбарго орын алады. Квота

импорт пен экспорт мүмкіндіктерінен жоғары деңгейде де қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда квота шектеу емес, тауардың қозғалысын бақылау әдісі болып табылады.

Импортқа квота енгізудің елдің әл-ауқатына тигізетін әсері мен салдары импорттық баж салығын енгізумен ұқсас болады.

Экспорттық квоталар өте сирек қолданылады. Ол тек өнім бойынша елде жетіспеушілік кезінде және саяси мақсаттарда (дискриминациялық сипатта) қолданылады. Импорттық квоталар ұлттық өндірісті шет ел бәсекелестерінен қорғау, жұмыссыз-дықты қысқарту, төлем балансын жақсарту, тауар қозғалысын бақылау үшін қолданылады.

Шет елдік тәжірибедегі бейтарифтік шектеулер әдістерінің қатарына импорттық тауарларға арнайы қажеттіліктер қарастырылады, олар табиғи ортаны қорғау мақсатында қойылады, бүгінгі таңда олардың саны жоғары деңгейге өскен. Олар бірнеше түрге бөлінеді:

Біріншісі, өзімен бірге импорттық тауарлар мен материалдарға тыйым салу немесе шектеуді түсіндіреді, қоршаған ортаны ластаушылар (химиялық тауарлар, улы химикаттар, тас көмір және мұнай жоғары деңгейде улы).

Екіншісі, протекционистік әдістердің өндіріс құралдарының қатынасына ұлғаюын енгізеді, транспорттық құралдар және т.б. өнімдер түрлері, олардың эксплуатациясы атмосфераның және ауаның ластануына әкеліп соғады. Осыған байланысты, мысалға, Солтүстік Еуропа елдері 1992 жылдан бастап тікұшақ және жүк көлігінің шу деңгейіне қатаң нормалар қойған.

Үшіншісі, тауардың сапасына байланысты. Ол тұтынушы-лардың құқықтарын қорғайды, тауарлардың жетіспеушіліктері-нен және тұтынуға мүмкін болатын кері әсерлерден қорғайды. Бұл ең басты тұрмыс электротехникаларына қатынасы, медициналық препараттар және приборлар, азық-түлік өнімдеріне, балаларға арналған тауарларға және т.б. Көптеген елдер мынадай заң қабылдаған: «тауардың этикеткасы немесе маркировкасында мүмкін болатын тәуекелдер, яғни осы тауарларды қолданумен байланысты». Мысалы, АҚШ-та импортталатын тауарлар мар-керленген және өшірілмейтін, ағылшын тілінде жазылуы тиіс. Осындай тиісті шектеулер мен тыйым салуларды біздің елде де қолдану керек ол ең бірінші тұтынушылардың мүддесін қорғайды.

Лицензиялау дегеніміз – бейтарифтік реттеу шаралары мен мәселелері бойынша тасымалданатын тауарларға берілетін рұқсат қағаз.

Квота (контингент) дегеніміз – белгілі бір кезеңде импорттық немесе экспорттық тауардың құныны немесе мөлшерін шектеуді түсінеміз. 0-ге тең квота қойылған жағдайда, импортқа немесе экспортқа тыйым салыну, басқаша айтқанда эмбарго орын алады. Квота импорт пен экспорт мүмкіндіктерінен жоғары деңгейде де қойылу мүмкін. Бұл жағдайда квота шектеу емес, тауардың қозғалысын бақылау әдісі болып табылады.

Әкелінетін және әкетілетін тауарларды бақылау мақсатында, сонымен бірге ішкі нарығын қорғауға және экономикасында құрылымды жылжулар өзгерісіне, сонымен қатар халықаралық келісімдеріндегі нормативтік-құқықтық актілермен, бекітілген әкелінетін және әкетілінетін тауарларға қойылатын кедендік баж алымдары.

Отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында дамыған елдер сыртқы сауданы қадағалау үшін бейтарифтік шектеулерді қолданады, олар мемлекеттің саясатында экономикалық және сауда құралдарының ауқымды бөлігін құрайды. Олардың кейбіреуі сыртқы сауданы қадағалаумен байланысты емес, бірақта сыртқы экономикалық қызметке және сыртқы саудаға өз әсерін тигізеді. Жеке алып қарағанда БҰҰ-ның келісімінің қабылдауы бойынша бейтарифтік реттеу әдістері үш түрге бөлінеді:

Бірінші түрге жататындар: тікелей импорттық шектеу, яғни ұлттық өнеркәсіптер саласын қорғау мақсатында, олар: лицензиялау және импортты квоталау, демпингке қарсы және компенсацияланған баж алымдары, импорттық депозиттер, олар «ерікті» деп аталады, экспортты шектеу, компенсацияланған алымдар, импорт бағаларының минималды жүйесі және т.б.

Бірінші түр – ең көп көлемде және жартысынан көбін қамтиды. Екіншісі, тікелей сыртқы сауданы шектеуге бағытталған және көбінесе административті бюрократиялық процедураларға қатысты, олардың іс-әрекеті, сонымен қатар сауданы шектейді: кедендік түріне қарай, техникалық стандарттар және нормалар, тауардың қорабына және маркировкасына қажеттіліктер, санитарлы және ветеринарлы нормалар және т.б. Үшінші түрге жататын әдістер, тікелей импортты шектеуге немесе экспорттық ынталандыруға шектеу қоймау, бірақ бұл түрдің де іс - әрекеті көбінесе осы көрсеткішке алып келеді.

Көбінесе қолданылатын тікелей импортты қадағалау құралдарына (кейде экспорттың да) лицензия мен квотаны жатқызады. Тәжірибе жүзінде өндірісі дамыған барлық мемлекеттер осы бейтарифтік әдістерді қолданылады. Лицензиялық жүйені арнайы уәкілдік берілген ведомствалар арқылы сыртқы саудалық операцияларға, экспортталатын және импортталатын тауарларға лицензия беріледі. Лицензиялық жүйені қолданатын мемлекеттер ерекше түрлермен және процедуралармен мінезделеді. Лицензияның негізгі түрлерін келесі екі типі бойынша келістіруге болады: бас лицензия – тауарларды әкелуге немесе әкетуге кедергісіз рұқсат беру, тізімге енгізілген, яғни белгілі бір уақыт көлемінде; бір жолғы лицензия, импортқа рұқсат беру немесе (экспорт) белгілі бір тауарға, белгіленген импорттаушыға (экспорттаушыға) тауар көлемінің көрсеткіші бойынша, оның құны, яғни бағасы, шығарылған мемлекеті (немесе белгісі), сонымен қатар қандай кедендік бекеттер арқылы тасымалдану керектігі.

Сыртқы сауда операцияларындағы бейтарифтік шектеулер. Көптеген әртүрлі элементтерден экспортты және импортты бейтарифтік шектеулер әдістері ерекшеленеді, олар әлемдік тәжірибеде 100-ден аса позициялармен жіктеледі, яғни көптеген мемлекеттердегі қолданылатын сауда ережелерін сақтауға мүмкіндік береді.

Бейтарифтік шектеулер – бұл кешен, шектеулі, рұқсат етілмейтін әдіс, яғни шетел тауарларының ішкі нарықты жаулап алуына шектеу жасау. Бұл әдістің мақсаты – бұл тек қана импорттаушы мемлекеттің шарттарының бәсекелестігін нығайту емес, сонымен қатар ұлттық өндірісті өнеркәсіптерді қорғау, өмірді және тұрғылықты халықтың денсаулығын қорғау, өмір сүріп жатқан ортаны, діни құндылықтарды және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бейтарифтік шектеулер топтары:

Тыйым салу – импортқа және экспортқа тыйым салу өзімен бірге мәжбүр болған әдістерді көрсетеді, олар әлемдік тәжірибеде мойындалған. Олар принципіалды ерекшеліктерді көрсетеді, яғни ашық және жасырын формада.

Ашық форма – бұл ең бірінші саудаға толық шектеу қою, БҰҰ-ның шешімі бойынша қабылданған шектеулердің әртүрлілігі жекеленген шектеулер (эмбарго) белгілі импорттық тауарларға, мемлекеттің басқа салаларына зиянын тигізбеу немесе экспортқа, мысалға, бағалы металдар және құнды қағаздар.

Шартты шектеулерді қолданады, егерде импорттық өнімдердің тасымалдаушысы мемлекет белгілеген ұлттық ережелерді және нормаларды сақтамаса. Сонымен қатар тауарлар мерзімді және уақытша шектеу қолданылады.

2. Жасырын шектеулерге – шетел тауарларының енгізілуін шектеу. Осыған байланысты көптеген елдерде тауарларға арнайы қажеттіліктер жасалған, тыйым салуға бағытталған, сәйкестендірілген заңдардың қабылдануы, тұтынушылардың қорғанысын қарастыру және жабдықтаушыларға, олардың заңды бұзғандары үшін салынатын санкциялар.

Квоталау. Халықаралық саудада бейтарифтік сандық шектеулердің дәстүрлі әдістері болып – квоталау, лицензиялау және контингенттеу табылады. Квоталау дегеніміз – бұл тауар көлемін глобальды, жеке, мерзімді, тарифті және басқа да шектеулер түрінің көмегімен лимиттеу. Жаһандық квота, оның үлес – салмағы 2/3 барлық іс-әрекеттерге шаққанда, барлық импорт көлемінің шектеуліктік рін құрайды, ол құндық, яғни баға немесе табиғи көрсеткіштер белгілі бір мерзімге.

Жеке квота – импорттың көлемін қарастырады, яғни тұрақты мемлекет бойынша немесе тұрақты тауар, оның өндірушісі бойынша. Критерий бойынша жеке квотаны қарастырғанда белгіленген мемлекет бойынша тауардың импортталуына қарама – қайшылықтарды қарастырады. Мұндай жүктемелер сауда келісімдері және екі жақты квотаның мінездемесін келісімді түрде қабылдайды.

Квоталау сыртқы сауданың дамуына және төлем баланстарының тепе – теңділігі үшін енгізіледі, ішкі нарықтағы тапсырыстар мен ұсыныстардың қадағалануы, халықаралық міндеттемелердің және пайдалы халықаралық келісімшарттардың орындалуы.

Лицензиялау. Халықаралық саудадағы лицензиялау өзінің үлкен ерекшелігімен ерекшеленеді және өзімен бірге рұқсат (лицензия) алу құқығын, яғни сол мемлекеттің белгілі органдарынан белгілі тауар көлемінің әкелінуіне рұқсат алу. Лицензияда сонымен қатар әкелім және әкетілім (жөнелтілім) тәртіптері белгіленеді. Халықаралық тәжірибеде лицензиялау уақытша әдіс болып белгіленеді, яғни ол қандайда бір болмасын тауар ағымдарының қатаң тәртібін қадағалайды. Ол жағымсыз импорт көлемінің уақытша шектеуінде ғана тәжірибеленеді.

Сыртқы сауда операцияларының лицензиясының тіреушісі, объективті міндеттемелері шетел валюталарының қолданылуының рационалды қажеттілігі болып табылады. Соған байланысты сыртқы сауданың және төлем балансының тепе-теңділігі қалыптасады. Кедендік баж алымдары немесе олардың тиімсіз қозғалтқыштары болған жағдайда, лицензияға жүктеледі, яғни ішкі нарықты қорғау мақсатында.

Лицензия уақытша бейтарифтік әдіс болып табылғандықтан мемлекеттер арасындағы бұрын қабылданған келісімдерді қажет етпейді. Лицензиялардың негізгі түрлері, яғни шет мемлекеттердің тәжірибесінде жүзеге асырылатын бас лицензия және жеке лицензия қолданылады.

Бас лицензия - әрдайым жүзеге асырылатын рұқсат, яғни қандайда бір тауарды импорттаушы фирма құқығын белгілеу, тауарларды шектеусіз көлемде және сол мемлекеттегі құнына сәйкес тасымалдау.

Кейде тауарлар лицензияда көрсетіледі, яғни алып келуге шектеу қою. Бас лицензия тауарлардың тізбегі бойынша белгілі баспаларға жиі шығарылады.

Жеке лицензия бір жолғы лицензия сияқты беріледі, ол бір ғана сауда операциясына тұрақты тауар түріне беріледі (кейде 2-3 түрге, бірақ сол бір ғана тауар топтамасына).

Бұл лицензияда оның қабылдаушысы туралы құжаттар, көлемі, бағасы және тауардың өндірілген мемлекеті көрсетіледі. Ол егелі болып табылады, басқа импортерға қолданысқа берілмейді жәңгешектеулі уақыт қызметі бар (ережеге сай 1 жылға дейін).

Қосымша алымдар – бұл төлемдер импортталатын тауарлардан алынатын кедендік баж алымдары және және салықтардан бөлек алынатын алымдар. Бұл түрге, ережеге сәйкес, шетелдік валютаның аударылым салықтары, бекеттерде алынатын алымдар, статистикалық салықтар және т.б.

-ішкі салықтар – қосымша салықтар және алымдар эквиваленті, олар отандық тауарлардан алынады (ҚҚС, акциздер және т.б.)

-заңдандырылған кедендік бақылау өзімен бірге бірге административті құрылған кедендік баж алымдарын тәжірибе жүзінде көрсетеді.

Бағаны бақылау әдістері, олар ішкі бағаны қолдауға немесе тұрақтандыру үшін енгізіледі. Олардың қатарына:

-әкімшілікпен белгіленген бағалар. Импорттаушы мемлекет биліктері ішкі бағалардың есебін қарастыра отырып, бағалардың жоғарғы және төменгі деңгейлерін белгілейді.

-«өз еркімен» шектелген экспорттық бағалар – бұл шектеулі келісімдер, осыған байланысты экспортер өз тауарына бағаны белгіленген деңгейден төмендетпеуге келіседі.

-құбылмалы алымдар – қосымша төлемдер, олар импортталатын ауылшаруашылық тамақ өнімдерінің нарықтағы бағаларын теңестіруге арналған.

-демпингке қарсы әдістер, экспортердан алынатын компенсациялардан құралады, яғни отандық өндірушілерге зиян тигізбеу үшін.

-компенсацияланған әдістер – бұл төлемдер, егер импортталатын тауарларға жәрдем ақша берілсе, яғни ол ұлттық өндіріске зиян тигізсе қолданылады.

Лицензиялар беріледі, егерде импортерлар ішкі нарықты қамтамасыз етсе: импортталған тауарлар шартты түрде, белгіленген көлемде, егер ішкі нарықта жоқ немесе шектелген болса.

Квоталар – бұл сандық шектеулер, бұлар максималды көлемде немесе алып келуге рұқсат берілген тауарлар бағасы, оларға: тарифтер, мерзімді, глобальды және де басқа пайыздық шектеулер жатады.

Импортталатын тауарларға тыйым салу толығымен және шектеусіз болады. Уақытша және мерзімді тыйым салынулар мүмкін

Шет мемлекеттердегі бейтарифтік шектеулер қазіргі кездегі тәжірибеде қолданылуы – бұл ауқымды қолданымдар, яғни импортталатын тауарға қарсы, ол дамушы мемлекеттерде және ауыспалы экономикадағы мемлекеттерде қолданылады.

Бейтарифтік әдістер халықаралық сауда саясатының құралдарының жиынтығы болып табылады, олар кедендік – тарифтік шектеулер топтарына кірмейді, яғни административті басқару шегінде жүзеге асырылады, сыртқы сауда айналымдарының қозғалтқыштарының рөлін атқарады. Халықаралық саудада бейтарифтік шектеулер ұлттық нарықты реттеу мақсатымен қолданылады, сонымен қатар экспортталатын өнімдерге тиімді және қолайлы жағдайлар жасалады. Бейтарифтік реттеудің тиімді жүйесін көбінесе сыртқы сауда саясатында дамыған мемлекеттер қолданылады.

Бейтарифтік реттеу әдістерін қадағалау сыртқы сауда саясатының тиімді жүйелері болып келесілер табылады:

-біріншіден, бейтарифтік реттеу әдістері ешқандай халықаралық міндеттемелермен байланысты емес. Осыған байланысты, олардың қолданылу көлемі мен методикасы мемлекеттік органдармен қадағаланады және анықталады.

-екіншіден, бейтарифтік әдістер сыртқы сауда саясатында іздестіріліп отырған қорытындыға жетуге ыңғайлы.

-үшіншіден, бейтарифтік әдістер нақты әрекетті, яғни халықаралық экономикада жинақталған және нақты айқындалған уақыт шеңберінде ұлттық нарықты қорғайды.

-төртіншіден, бейтарифтік реттеу әдістері тұрғылықты халыққа қосымша жағымсыз салық түрі болып табылмайды. Осыған орай бүгінгі күнге дейін бейтарифтік реттеу әдістерінің бірыңғай классификациясының жоқтығын айта кету керек, бірақ ДСҰ-ның қарастырылуы бойынша бейтарифтік шектеулер бес түрге бөлінеді.

Халықаралық сауданы бейтарифтік реттеу әдістері – бұл мемлекеттер арасында еркін сауданы шектеуші экономикалық, әкімгершілік және техникалық шаралардың жиынтығы. Бұл комплекс құрамына төмендегідей шаралар енеді: квоттау (шектеу); лицензиялау; екі жақты тауарлар мен технологиялар экспортына бақылау жүргізу.

Экспорт-импортты квоттау дегеніміз – белгілі бір тауар түріне арнайы бір мерзім ішінде елге әкелуге немесе елден шығаруға сандық шектеу енгізу. (Халықаралық саудада, квоталау экономикалық, саяси және төлем қатынастарының жай-күйіне байланысты қолданылады).

Лицензия – белгілі мерзім ішінде экспорт-импорттық операциялар жүргізуге рұқсат ететін ресми құжат. Лицензиялар екі түрлі болады:

-бірреттік лицензия – бір ғана контракт бойынша 12 ай мерзім ішінде экспорт-импорттық операциялар жүргізуге рұқсат етеді;

-бас немесе генералды лицензия - экспортқа шығатын немесе импорттан әкелінетін тауардың саны мен құны көрсетіліп, әрқайсысына жеке толтырылады.

Екі жақты арнайы тауарлар мен технологиялар – бұл бейбіт, азаматтық мақсатта, сонымен қатар, қару-жарақ және әскери техника (жаппай қырып-жою қаруларын) өндіруде де қолдануға болатын құралдар, материалдар, шикізат, техникалық ақпараттар.

Мұндай тауар түрлерімен жасалатын келісім-шарттарда келесі шарттар толығымен орындалуы тиіс:

-экспортқа шығарылған тауар түрлерінің қолданылатын орны мен мақсаты айқын көрсетілуі;

-соңғы тұтынушысы;

-сатып алушының тауарды тек көрсетілген мақсатта ғана қолданылатындығы жайлы міндеттеме. Тауар сатушының жазбаша келісімінсіз басқа жаққа берілуге (сатылуға) тиым салынады.

Экспортты «ерікті» шектеу – экспорт тауарға белгіленген квота туралы ресми емес немесе ресми үкіметаралық келісім төңірегінде қабылданған экспорт көлемін сауда бойынша шектеуде серіктестердің бірінің міндетіне негізделген экспортқа сандық шектеу.

Көптеген елдерде біржақты шектеулер арқылы экспорт пен импортты шектеуге көмегін тигізетін жасырын протекционизмнің бірнеше түрлері бар. Олардың қатарында:

Техникалық кедергілер – ұлттық техникалық және әкімгершілік және т.б. ережелер мемлекетке тауар әкелуге кедергі жасауға негізделіп құрылған сауда саясатының бір әдісі. Ең жиі тараған түрі – техникалық сипаттағы кедергілер, яғни ұлттық стандарттың сақталмауы, сапалық сертификат алу, тауарлардың арнайы қапталуы мен маркіленуі, белгілі бір санитарлық ережелердің сақталуын қадағалау.

Ішкі салықтар және алымдар – импорттық тауарлардың ішкі бағасын көтеру арқылы оның ішкі нарықтағы бәсекелестік қабілетін төмендетуге бағытталған мемлекеттің сауда саясатының бір түрі (дискриминациялық роль атқарады).

Мемлекеттік сатып алу саясаты – мемлекеттік орган мен кәсіпорындар тауарды ұлттық фирмалардан ғана сатып алуды талап ететін сауда саясатының жасырын әдісі (бұл тауарлар импорттық тауардан қымбат болса да).

Жергілікті талаптарды (компоненттерді) сақтауды талап ету - ішкі нарықта сатуға бағытталған тауардың ұлттық өндірушілер арқылы өндірілу үлесін заңды түрде белгілейтін мемлекеттік сауда саясатының жасырын әдісі (көбіне импортты алмастыру саясаты негізінде дамушы елдерде қолданылады).

Кесте 4

Сауда саясаты құралдарының жіктелуі

Әдістері		Сауда саясаты құралдары	Негізгі реттеуші сала		
Тарифтік		Кедендік баж салықтары		Импорт	
		Тарифтік шектеу (квота)		Импорт	
Бейтарифтік	Сандық	Шектеу (квоталау)		Импорт	
		Лицензиялау		Экспорт	Импорт
		«Ерікті шектеулер»		Экспорт	
	Жасырын	Мемлекеттік сатып алу		Импорт	
		Жергілікті шарттарды сақтау жөніндегі талаптар		Импорт	
		Техникалық кедергілер		Импорт	
		Ішкі салықтар мен алымдар		Импорт	
	Қаржылық	Субсидиялар	Экспорт		
		Несиелендіру	Экспорт		
Демпинг		Экспорт			

3. Сауда саясатының қаржылық әдістерінің кең тараған түрлері субсидия, несиелеу және демпинг.

Субсидия – бұл импорттың жанама дискриминациясы мен ұлттық тауар өндірушілерге қолдау көрсетуге бағытталған ақша төлемі.

Субсидия төлем сипаты бойынша келесідей бөлінеді: тікелей; жанама.

Экспортты жасырын субсидиялау экспорттық несиелеу арқылы жүргізіледі. Экспорттық несиелеу – ұлттық фирмалармен экспортты дамытуда мемлекетпен қаржылық реттеуді қарастыратын сыртқы сауда саясатының қаржылық бейтарифтік әдісі.

Экспорттық несиелеудің мынадай формалары бар:

-ұлттық экспортерлермен субсидияланған несиелер;

-шетел импортерлеріне мемлекеттік несиелер;

-ұлттық экспортерлерді экспорттық тәуекелден сақтандыру.

Экспорттық несие түрлері: қысқа мерзімді; орта мерзімді; ұзақ мерзімді.

Демпинг – сол елдегі экспорттық бағаны нормалды баға деңгейінен төмендету есебінен сыртқы нарықта тауар қозғалысынан көрінетін сауда саясатының қаржылық бейтарифтік әдісі. Демпинг формалары: кездейсоқ пайда болатын демпинг; қасақана істелген әрекет демпингі; тұрақты демпинг; кері демпинг; өзара демпинг.

СӨЖ тапсырмалары

1.Тәжірибе сабағына дайындалу, әдебиеттерді оқу.

2. Өзін тексеруге арналған сұрақтар:

-Халықаралық саудада мемлекеттік реттеудің қандай формаларын білесіз?

-Сауда саясатының негізгі құралдарын атаңыз.

-Үлкен және кішкентай елдер экономикасына тарифтің әсерінің айырмашылығы?

-Мемлекеттік сатып алу саясаты деген не?

Тесттің жауаптарын іздестіріңіз:

1. Халықаралық ұйымдардың мақсаты:

А) оның құрамына қандай елдер кірумен ерекшеленеді;

В) шетелдерде азаматтарды жұмысқа орналастыру;

С) нарық экономикасы жағдайында мемлекет тарапынан валюталық реттеу жүргізу;

Д) дұрыс жауап жоқ;

Е) барлығы дұрыс.

2. Протекционизм саясаты дегеніміз:

А) өз өнеркәсібін қорғау;

В) ауыл шаруашылығын қорғау;

С) ішкі нарығын шетелдік ықпалдан қорғау;

Д) дұрыс жауап жоқ;

Е) барлығы дұрыс.

3. Саудаға толықтай тыйым салу:

А) квота;

В) эмбарго;

С) лицензия;

Д) баж салығы;

Е) кедендік тариф.

4. Импорт пен экспорт тауарларға ең төменгі деңгейде баж салығын бекітуге немесе олардан тіпті босатуға бағытталған саясат:

А) сауда еркіндігі;

В) протекционизм;

С) меркантилизм;

Д) либерализм;

Е) сыртқы сауда саясаты.

Дұрыс жауаптары: 1(А); 2(С); 3(В); 4(А).

Ситуациялық талдау

1. Жапония негізінен өнеркәсіп тауарларын экспорттайды (оның ішінде автомобильдерді) және шикізаттарды импорттайды (оның ішінде азық-түлік және мұнайды). Жапонияның сауда шарттары үшін келесі жағдайлар қалай әсер етеді:

1) Таяу Шығыстағы соғыс мұнай тасымалын тоқтатты.

2) Жапон автомобильдері экспортталатын негізгі нарықтарда корейлік автомобильдердің импорты ұлғайды.

3) АҚШ энергияның жаңа көзін жасап шығарды.

4) Ресейде егін шықпай қалды.

Жауабы:

1. Сауда шарттары нашарлайды, себебі шикізаттың (мұнайдың) салыстырмалы бағасы өседі, ал Жапония экспорттайтын тауарлардың салыстырмалы бағасы (автомобильдердің) төмендейді.

2. Сауда шарттары нашарлайды, себебі жапон автомобильдерінің бағасы төмендейді.

3. Сауда шарттары жақсарады, себебі энергия көзі ретінде мұнайға деген қажеттілік қысқарады, сондықтан Жапония импорттайтын тауарлар бағасы арзандайды.

4. Сауда шарттары нашарлайды, себебі Ресейде егіннің шықпай қалуы әлемдік нарықтағы азық-түлікке сұранысты өсіреді және бағасы қымбаттайды, ал Жапония азық-түлікті негізінен импорттан алады.

7 БӨЛІМ: ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИГРАЦИЯСЫ

- 1.Еңбек миграциясы түсінігі мен түрлері
- 2.Еңбек миграциясының ауқымы мен бағыттары
- 3.Жұмыс күші миграциясын мемлекеттік реттеу
- 4.Қазақстан Республикасындағы жұмыс күші миграциясы мәселелері

1.Еңбек миграциясы дегеніміз - еңбек көрсеткіштерін қосымша жүзеге асыратын және сол қоғамның экономикалық қажеттілігі болып табылатын еңбекке жарамды тұрғындардың қозғалысы.

Миграция ішкі және сыртқы немесе халықаралық болып бөлінеді. Халықаралық миграция үшін иммиграция, эмиграция, реиммиграция, ақылдардың кетуі, миграциялық сальдо түсініктері тән.

Иммиграция - адамдардың жұмысқа немесе басқа да себептермен ұзақ уақытқа басқа елге келуі, яғни жұмысшыларды импорттау.

Эмиграция - жұмысшы күші экспорты, яғни басқа елдерден жұмыс орнын табу мақсатында елден кетуі.

Реэмиграция - эмигранттардың өз отанына, тұрғылықты мекеніне қайтып келуі.

«Ақылдардың кетуі» - жоғарғы білікті мамандардың халықаралық миграциясы.

Миграциялық сальдо - елге келген және елден кеткен мигранттардың ара қатынасы.

БҰҰ-ның классификациясы бойынша, сыртқы миграцияның келесі түрлері бар:

-қайтарымсыз - тұрғылықты мекен етуге бағытталған миграция;

-мерзімдік - уақытша немесе мерзімдік мигранттар елге ақылы жұмыс орнын табуға бір жылдан кем мерзімге келетін адамдар.

-маятниктік миграция. Мұндай мигранттарды «фронтальерлер» деп те атайды.

Жұмысшы-фронтальерлер көрші мемлекетке жұмыс істеу үшін шекарадан күнде өтетін мигранттар.

-мәжбүрлі миграция. Негізі - экономикалық емес себептерге байланысты болады.

2. Миграцияның экономикалық себептері:

-елдердің тұрмыс деңгейіндегі айырмашылықтар;

-жоғары жалақы деңгейі;

-жұмыссыздық.

Миграцияның экономикалық емес себептері:

-жанұялық, туыстық қатынастар;

-нәсілдік, ұлттық, діни айырмашылықтар;

-саяси қуғын-сүргіндер, табиғи апаттар, климаттың қолайсыздығы, соғыс және т.б

Жұмыс күшін қабылдайтын (импорттайтын) елдердің артықшылықтары:

-шетелдік жұмысшы күшінің бағасы арзан болуы, жұмыс берушілер үшін шығындарды азайтуға әсер етеді;

-шетелдік жұмысшылар тауарлар мен қызмет түрлеріне қосымша сұраныс туғызып, жұмыспен қамтуды ынталандырады;

-жоғарғы дәрежелі жұмысшы күшін импорттайтын ел оқытуға және мамандар даярлауға жұмсалатын шығындарды үнемдейді;

-жұмыссыздық немесе дағдарыс кезінде шетелдік жұмысшылар бірінші кезекте жұмыстан шығарылады.

-шетелдік қызметкерлер зейнетақымен қамтамасыз етілмейді және әлеуметтік бағдарламада есепке алынбайды.

Жұмыс күшін экспорттайтын елдердің артықшылықтары:

-елге валюта келтірудің негізгі көзі - жұмысшы күшінің экспорты;

-жұмысшы күшін экспорттау экономикадағы артық жұмыс күшін қысқартады;

-экспорттаушы ел үшін маман-кадрлар қайта дайындықтан тегін өтеді, жаңа әдістер үйренеді.

Басқа елдерден мигранттарды тартушы ірі әлемдік орталықтар:

- АҚШ, Канада, Австралия;
- Батыс Еуропа елдері;
- Таяу Шығыс елдері (мұнайлы Араб елдері);
- Жаңа индустриялы елдер (Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань, Гонконг)

3. Халықаралық еңбек рыногін мемлекеттік реттеу жұмыс күшін қабылдаушы және экспорттаушы елдердің ұлттық заңдылығы негізінде және мемлекетаралық және ведомствоаралық келісімдер негізінде жүргізіледі. Реттеу бюджет арқылы қаржыландыратын бағдарлама негізінде, шетелдік жұмыс күшін шектеуге немесе иммигранттарды отанына қайтаруды ынталандыруға бағытталады.

Көптеген елдер иммиграцияны реттеуде сұрыптау әдісін пайдаланады. Оның мазмұны - мемлекет осы елге қажетті жұмысшылар категориясының келуіне кедергі келтірмейді.

Қажетті жұмысшылардың негізгі категориялары:

- аз ғана ақыға, ауыр, зиянды, лас және біліктіліксіз жұмысты орындауға дайын жұмыскерлер (вахталық, құрылысшылар, мерзімдік жұмыстар);
- жаңа және қарқынды дамып келе жатқан салалар үшін мамандар (программистер, инженерлер, биотехниктер);
- сирек кездесетін мамандық иелері (алмаз өңдеушілер, картина өңдеушілер, емдеудің дәстүрлі емес тәсілін қолданатын дәрігерлер, ұшқыштар);
- әлемдік атағы бар мамандар (музыканттар, артистер, ғалымдар, спортсмендер, жазушылар, дәрігерлер);
- өз бизнесін қабылдаушы елге әкелетін ірі бизнесмендер.

Қабылдаушы елдерде иммиграцияны құқықтық реттеу көптеген заңдар арқылы жүзеге асырылады.

Иммиграциялық заңдардың негізгі белгілері мыналар:

- кәсіби біліктілік (қабылдаушы ел білім деңгейі мен еңбек стажы, мамандығына байланысты қатаң талаптар қояды);
- жеке сипаттағы шектеулер (денсаулығына байланысты қойылатын шектеулер: СПИД, наркомания, жұқпалы аурулар);
- сандық шектеулер (бір жыл ішінде келетін иммигранттардың санын белгілейді);
- экономикалық реттеу. Иммиграцияның санын шектеуді қамтамасыз ететін белгілі бір қаржылық деңгейлер;
- уақытша шектеулер. Иммигранттардың елде болу уақытын белгілейді;
- географиялық басымдылықтар (ұлтына, дініне, нәсіліне, еліне қарай);
- тыйым салулар (шет елдіктер араласуға тиым салынатын салаларға жұмысқа қабылдамау).

XXI ғасырдан бастап жаһандық миграцияда маңызды өзгерістер байқалады. Халықаралық миграцияның масштабтары күрт өсті және де бұл тенденция күшейюде. Миграциялық ағындар ауысып, жаңа миграциялық орталықтар пайда болып жатыр. БҰҰ мәліметтері бойынша халықаралық мигранттардың саны (басқа елдердің тумалары) 2010ж. 2014 млн. адам құрады, XXI ғасырдың соңында бұл 58 млн. адам артық. Жалпы, Жер тұрғындарының 3,1% – мигранттар. Негізгі миграциялық ағындарына шектеулі мемлекеттер жатады. Көшіп-қонушылардың ең көп саны 10 елінде шамамен 52% шоғырланған. Осылайша, АҚШ 21% немесе 45,8 млн. адам. Ары қарай, Ресей (11,3 млн.), Германия (10,8 млн.), Сауд Аравиясы (7,3 млн.), Канада (7,2 млн.), Франция (6,7 млн.), Ұлыбритания (6,5 млн.), Испания (6,4 млн.), Индия (5,4 млн.) және Украина (5,3 млн.).

Көші-қон ағымдарының жаңа орталықтар пайда болған, бұл Ресей және тез бай болған араб елдері (БАӘ, Катар, Кувейт, Бахрейн). Аталған елдерде миграция негізінен еңбек. Заңсыз келу өсті, оның нақты ауқымын бағалау мүмкін емес. Алайда, БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, жыл сайын 3-4 млн. адам шекараны заңсыз өтеді. Бұл, негізінен,

адамдар, еліне заңды негізде келген, бірақ заңды болуын бұза отырып, қалған. Заңсыз көшіп-қонушылардың саны заңды халықаралық көшіп-қонушылардың санының 15% құрайды.

БҰҰ миграциялық департаментінің болжамы бойынша 2050 жылға қарай көшіп-қонушылардың саны әлемде 405 млн. адамға жетеді. БҰҰ миграцияға байланысты барлық факторларды (еңбек, саяси, босқындар ағыны) назарға ала отырып, сандар бойынша халықаралық миграцияны бақылайды.

Әлемдегі ең ірі миграциялық дәліздер болып Мексика - АҚШ (13 млн. мигранттар), Ресей - Украина (3,5 млн. мигранттар), Украина - Ресей (2,9 млн.), Қазақстан - Ресей (2,5 млн.), Таджикистан - Ресей (негізінде 2 млн. жуық еңбек мигранттар).

Бірақ, ресми мәліметтер әлемдегі халықтың көші-қоны туралы процестердің толық көрінісін көрсетпейді. Мысалы, мигранттар деп саналмайтын басқа елге оқуға барған интерндер мен студенттер, немесе туристік виза бойынша елге барған, бірақ жұмысқа заңсыз орналасқан туристер.

Халықаралық миграцияның басты себебі болып экономикалық жағдай табылады. Әр түрлі елдерде бірдей жұмысқа өз еңбегіне төленетін ақы деңгейінде үлкен айырмашылықтар бар. Кейбір елдерде белгілі бір кәсіптер мамандардың жетіспеушілігі осы кәсіпке байланысты еңбек ақын арттырады және көшіп-қонушылардың ағының ынталандырады.

Бірақ жиі миграция соғыс (эмиграция Ирак, Босния, Ауғанстан, Сирия, АҚШ, Ұлыбритания және Еуропа, Украина Ресей мен Еуропаға), саяси қақтығыстар және табиғи апаттар себептерге негізделеді

Көптеген еңбек мигранттарын Таяу Шығыста мұнай экспорттаушы елдер қабылдайды, оның 70%-дан астамы жұмысшылардың шетелдіктер құрайды. Миграциялық сальдонның жоғары көрсеткіші Латын Америка елдерінде (Аргентина, Бразилия, Венесуэла), Оңтүстік-Шығыс Азия (Сингапур, Гонконг, Жапония), Африка (ОАР), Израиль. Әлемдік нарықта жұмыс күшін жеткізуші ретінде Индия, Пакистан, Вьетнам, Алжир, Мексика, Ирландия, Турция, ТМД елдері.

Әлемдегі ең елді аймақтарға Азия (шамамен 4 миллиард адам) және Африка (шамамен 1 миллиард) жатады. Халық саны бойынша он бес көшбасшы елдердің қатарына 11 дамушы елдер есептеледі, соның ішінде, ең ірі болып табылады Қытай мен Үндістан (тұрып жатқан халық саны 1 млрд. астам адам). Жай ғана көп халық Индонезия, Бразилия, Пәкістан, Нигерия, Бангладеш, Мексика, Филиппин, Вьетнам, Эфиопияда шоғырланған.

2050 ж. әлем халқының 86%-дан астамы дамушы елдерде тұратын болады. Ең кедей дамушы елдердің таяу жиырма жылда жоғары бала туу есебінен халық саны екі еселенуге мүмкін.

Экономикалық дамыған елдер арасында АҚШ-та (317 млн. адам) табиғи қозғалысы мен миграция есебінен халықтың өсуі байқалады. Халық санының өрлемелі динамикасы арқасында 2050ж. дейін халық саны бойынша АҚШ әлемдегі үшінші орын сақтайды.

Көптеген экономикалық дамыған елдерде халық саны қысқара басталды немесе болашақта қысқарады. Мысалы, Жапонияда жиырма жыл ішінде халық саны 16 млн. адамға қысқарады. Ұқсас үрдістер Батыс Еуропа елдерінде байқалады. Мысалы, Германияда халық саны 4 млн. адамға қысқарады, Австрия, Бельгия, Финляндия, Франция, Греция, Италия, Нидерланды, Португалия, Испания, Швейцарияда да халық саны қысқарады.

Осындай үрдістер сақталса, миграция бір ағынды болады - Азия, Африкадан Еуропаға және Солтүстік Америкаға.

4. Қазақстан Республикасында халықтың белсенді қозғалысын тудырушы негізгі фактор - экономикалық себептер. Еліміздегі мигранттардың сандық және сапалық құрамына әсер ететін факторларды келесідей бөлуге болады: экономикалық факторлар

жүйесі; жекешелендіру процесі; аймақтық теңсіздіктер; бір ғана өндірісті шағын қалалар мәселесі; еңбек ақы төлеудегі айырмашылықтар; демографиялық проблемалар; экологиялық факторлар; күрделі әлеуметтік-этникалық қарсылықтар, яғни қылмыстың өсуі, жемқорлық, жергілікті емес ұлт өкілдерінің болашақ үшін алаңдауы және т.б.

Қазақстанда ең үлкен эмиграция деңгейі 1994 жылы тіркелген (480,8 мың адам). Қазақстан эмиграциясының негізгі бөлігін қабылдаушы жақын шет елдер: Ресей 72,4%; Өзбекстан және Украина 2%; Беларусь 1,8%.

Алыс шет елдерден: Германия 18,4%; Израиль 0,6%, АҚШ 0,3%. Мигранттардың білім деңгейі бойынша: еңбекке қабілетті бір адамның келуіне жеті адамның кетуі, орта арнаулы білімді бір адамның келуіне сегіз адамның кетуі, жоғары білімді бір адамның келуіне - сегіз адамның кетуі сәйкес келді.

СӨЖ тапсырмалары:

1) Еңбектің халықаралық миграциясы

1. Анықтамасы	
2. Түрлері	
3. Себептері	
4. Миграцияның экономикалық салдары	

2) Еңбек ресурстары миграциясының сандық көрсеткіштері

1.Еңбек табысы	
2. Мигранттардың қозғалысы	
3. Қызметкерлердің аударымы	
4. Жеке төленбеген аударымдар	

3) Миграцияны мемлекеттік реттеу. Миграциялық саясат

1. Негізінде жүзеге асырылады...	
2. Иммиграцияны реттеу	
3. Реэмиграцияны ынталандыру	

4) Еңбек күшінің миграциясының салдары

Оң	Теріс
1.	1.
2.	2.
.....

5) Берілген терминдерге түсініктеме беріңіз:

1. Жұмыс күшінің миграциясы
2. Эмиграция
3. Иммиграция
4. Миграциялық сальдо
5. «Ақыл-ойдың ағылуы»
6. Реэмиграция
7. Эмиграциялық саясат
8. Жеке төленбеген аударымы
9. Еңбек табысы
10. Қызметкерлердің аударымы
11. Мигранттардың қозғалысы
12. Жұмыс күші миграциясының негізгі бағыттарын атаңыз.
13. Жұмыс күшінің халықаралық миграциясының ерекшеліктері қандай.

14. Халықаралық жұмысшы күші миграциясының дамуындағы негізгі кезеңдердің ерекшелігі неде.

15. Жұмыс күші миграциясының ұлттық реттеудегі ерекшелігі қандай.

16. Жұмыс күшінің миграциясы, эмиграция, иммиграция, реэмиграция, миграциялық сальдо, «ойлардың ағуы» түсініктеріне анықтама беріңіз.

17. Иммиграцияны мемлекеттік реттеудің негізгі әдістерін атаңыз.

18. Реэмиграцияны мемлекеттік реттеудің қандай әдістері бар.

б) Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Жұмыс күшінің миграциясы, эмиграция, иммиграция терминдердің анықтамасын беріңіз.

2. Жұмыс күшін және халықтың халықаралық миграциясының құқықтық базасы.

3. Қазіргі миграциялық ағымдарының ерекшеліктері.

4. ҚР эмиграцияның себептері

5. ҚР иммиграцияның себептері мен салдар.

6. Жұмыс күшінің халықаралық миграциясының әлемдік тәжірибесі.

7. Жалпы халықаралық экономикаға миграцияның экономикалық әсері қандай.

8. Жұмыс күшін экспорттайтын елдің экономикасына эмиграцияның әсері.

7) Есептер

1. Жұмыс күшінің халықаралық миграциясының тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасынан айырмашылығы неде?

2. Егер мемлекет сыртқы сауданы шектесе, онда жұмысшылардың эмиграциясына ол қандай әсер тигізеді?

3. Жұмысшылар-иммигранттар басқа жұмысшыларға қарағанда төмен табыс алады. Елде иммиграция әсерінен табыстың орташа деңгейі төмендейді (әр адам басына шаққандағы ұлттық табыс көлемі), яғни бұл жұмыс күшін қабылдайтын ел пайда табады деген пікірге қарсы. Бұл парадоксты түсіндіріңіз.

4. Қазіргі кезде Жапонияға иммиграция деңгейі барынша төмен, себебі бұл елдің үкіметі қатаң иммиграциялық саясат жүргізіп отыр. Сіз жапондық досыңызға иммиграциялық ағымды реттеуші Жапония заңдарына өзгерту енгізу керек екендігін дәлелдеңіз. Осыған орай, 3 нақты дәлел келтіріңіз. Ол сізге 3 нақты қарсы пікірін білдіруі керек.

8 БӨЛІМ: КАПИТАЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Халықаралық инвестициялар және олардың экономика-кадағы орны.
2. Халықаралық корпорациялар қызметтері

1. Капиталдың халықаралық қозғалысы дегеніміз – меншік иесіне табыс әкелетін, елдер арасындағы капиталдың көші-қоны (сурет 2, 3). Капитал – өндіріс факторларының бірі, оның қозғалысы – халықаралық бөлініске негізделген. Ақша формасындағы капиталдың мол қорының болуы инвестиция мен өндірістің кеңеюіне алғышарт болып саналады. Капиталды сыртқа шығару – бұл құнның ақшалай немесе тауар формасында жүйелі түрде табыс табу мақсатында немесе басқа да экономикалық және саяси табыс табу мақсатында мемлекеттік шекара арқылы өтуі.



Сурет 2. Капиталды шығару



Сурет 3. Капитал қозғалысы

Әлемдік нарықта қозғалыстағы капиталдар келесі түрлерге бөлінеді:

1. Шығу көздеріне қарай:

- ресми капитал – мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылар арқылы шет елдерден тек үкімет шешімімен ғана берілетін немесе алынатын капиталдар. Оларға мемлекеттік қарыздар, заемдар, көмектер, қайтарымсыз көмектер, сыйлар жатады.

- жеке капитал – жеке фирмалардың, банктердің т.б. мемлекеттік емес ұйымдардың шет елдерден алатын немесе беретін қаржылары.

2. Қолдану сипатына қарай:

- кәсіпкерлік капитал;

- қарыз капиталы.

3. Мерзіміне қарай:

- ұзақ мерзімді;

- орта мерзімді;

- қысқа мерзімді.

4. Мақсатына қарай:

- тікелей инвестициялар;

- портфельді инвестициялар.

Тікелей инвестиция – ұзақ мерзімді табыс табуға бағытталған және сол арқылы меншік құқығын немесе басқарудағы шешуші құқықтарды қамтамасыз етеді. Инвестиция мемлекеттің сыртқы қарызын құрамайды, елде жаңа жұмыс орындарының көбеюіне, жаңа технологиялардың әкелуіне, сыртқы экономикалық байланысты тиімді жүргізуге әсер етеді.

Инвестициялық позиция – елдің шет елдердегі активтері мен шет елдіктердің осы елдегі активтерінің арақатынасы.



Сурет 4. Ссудалық капиталдың әлемдік нарығы

Қазақстанда шет елдік инвестиция салуда алғашқы орында – АҚШ, (барлық инвестициялық түсімдердің 34,5% құрайды), Ұлыбритания (13,3%), Оңтүстік Корея (10,3%), Италия (5,6%), Ресей (2,4%).

Шет елдік инвестициялардың салалық құрылымы бойынша бөлінуі:

- 1) мұнай өндіру және өңдеу - 60%
- 2) газ өнеркәсібі - 5%
- 3) түрлі – түсті металлургия - 10%
- 4) қара металлургия - 5%

5) тамақ өнеркәсібі - 5%

б) басқа да салалар - 15%

1. Капиталды экспорттау себептері:

- технологиялық басымдылық;
- жұмысшы күші біліктілігіндегі басымдылық;
- жарнамадағы басымдылық;
- экономика ауқымы;
- корпорация көлемі;
- өндірістің шоғырлану деңгейі;
- табиғи ресурстарға жетуді қамтамасыз ету және т.б. себептер.

2. Капиталды импорттау себептері:

- технологиялық жеткіліксіздік;
- жұмысшы күші біліктілігінің төменгі деңгейі;
- капиталға қажеттілік;
- өндіріс шығындары;
- нарық көлемі;
- ішкі тауар нарығын қорғау деңгейі;
- т.б. факторлар.

3. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау әдістері:

- мемлекеттік кепілдік беру;
- шет елдік инвестицияларды сақтандыру;
- инвестициялық дауларды реттеу;
- екі жақты салық салуды болдырмау;
- әкімгершілік және дипломатиялық қолдау.

Кесте 5

Капитал қозғалысын реттеу

Ұлттық	Мемлекетаралық
Мазмұны	
Капитал қозғалысын реттеу бойынша мемлекеттік заң шағырушы, атқарушы және бақылау сипаттағы шаралар жүйесі	Капитал қозғалысын реттеу бойынша мемлекетаралық заң шығарушы, атқарушы және бақылау сипаттағы шаралар жүйесі
Негізгі мақсаттар: -шет ел инвестицияларды тартуды ынталандыру; -елден капиталдың кетуін алдын-алу	
Негізгі ерекшеліктер	
-қолайлы инвестициялық ахуалды жасау; -елдің аумағында шет ел инвестицияларға тыйым салулар мен шектеулерді енгізудің орындылығын анықтау; -елде шет ел инвесторлардың қызметін бақылау; -инвестициялау басымдықтарын анықтау; -шет ел инвестициялары тарту бойынша бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; -шет ел инвесторларымен инвестициялық келісімдерін дайындау мен бекітуді бақылау; -инвестицияларды көтермелеу және өзара	-әлемдік инвестициялық үрдістің нарықтық құрамдас бөлігін ынталандыру; -капитал қозғалысының әлсіз басқарылуы және капитал қозғалысын басқару бойынша мемлекеттік және ұлттықтан жоғары органдары арасындағы өкілеттіліктерді бөлу қажеттілігі; -жеке елдердің үкіметімен ұсынылған мәліметтерді талдау негізінде капитал қозғалысын бақылау мен болжамдауды қамтамасыз ету.

қорғау туралы халықаралық келісімдерін дайындау және бекітуді бақылау.	
--	--

2. Халықаралық корпорациялар дегеніміз - әлемнің әртүрлі елдеріне тікелей инвестиция салушы ірі корпорациялардың құрылымдық ұйымдасу формасы. Халықаралық корпорацияның негізгі келесі түрлері бар:

- трансұлттық корпорациялар;
- көп ұлтты корпорациялар.

Халықаралық корпорациялардың қызметін айқындайтын негізгі белгілер:

- 1 жылдық айналымы \$100 млн. астам болуы;
- кемінде 6 елде филиалдарының орналасуы;
- шет елдерде сатылатын тауарлар көлемінің пайыздық үлесінің мөлшері.

Ең жиі тарағаны – трансұлттық корпорациялар (ТҰК). XX ғасырдың 90-ші жылдарының ортасында әлемде 37 мың ТҰК болды, олардың әлем бойынша 206 мың филиалы қызмет жасады.

Трансұлттық корпорациялар - әлемдегі өнеркәсіпті өндірістің 40%-ын, халықаралық сауданың 50% өз бақылауында ұстайды. 90-жылдары оларда 73 млн. қызметкер жұмыс істеген. Мысалы: «General Motors» корпорациясында – 647 мың адам, «Siemens» – 379 мың адам және т.б. Әлемдегі 10 ТҰК-ң жылдық айналымы \$100 млрд. асты. Олардың 3-і АҚШ-тікі, 6-Жапония, 1-Еуропанікі.

Кесте 6

Компаниялардың сипаттамалары

Компанияның түрі	Негізгі сипаттамалары
Көпұлттық	Басқарма қаржылық саясатты анықтаумен бірге еншілес компанияға басқару стилін әзірлеу және жергілікті өндірістік және нарықтық мәселелерін шешу кезінде елеулі автономияны ұсынады
Жаһандық	Өзінің стратегиялық, басқарушылық және маркетингтік саясатын орталықтандырады. Ауқымда үнемдеу және жаһандық деңгейде қызметтің есебінен пайдаға қол жеткізіледі. Өнім бір қатар елдерінің сұранысын қамтамасыз ету үшін әзірленеді. Жергілікті ерекше қажеттіліктері жиі еленбейді
Халықаралық	Басқарушылық жаһандық компанияға қарағанда еншілес компанияның басқару жүйесі мен маркетинг саясатына айтарлықтай бақылауды сақтайды. Тауар мен қызметтер ішкі нарыққа арнап әзірленеді және нарық сипаттамалары ұқсайтын басқа елдердің нарықтарына таратылады. Өнімнің өмірлік циклын икемді басқаруы
Трансұлттық	Көпұлттық, жаһандық және халықаралық компанияның қасиеттері бар. Өнімдер әлемдік масштабта бәсекеге қабілетті болу керек, алайда түрлендіріледі және жергілікті нарықтың талаптарына сәйкес бейімделеді. Сонымен қатар, бір ресурстарды орталықтандырумен басқарушылықта басқа ресурстары еншілес компаниялар арасында бөлінеді және олардың өзара іс-қимыл нәтижесінде интеграцияланады.

500 ірі ТҰК әлемде өндірілетін электротехника және химия өнімдерінің 80%, фармацевтика өнімдерінің 95%, машина құрал-жабдықтарының 76% өз бақылауында ұстайды.

Трансұлттық компаниялардың шоғырлануы

Корпорацияның	Орналасқан елі (ТҮК штаб-пәтері)
General Electric	АҚШ
Microsoft	
Coca-Cola	
ExxonMobil	
IBM	
General Motors	
Royal Dutch Shell	Ұлыбритания-Нидерланды
Hitachi	Жапония
Toshiba	
Toyota	
Nokia	Финляндия
Philips	Нидерланды
Nestle	Швейцария
Siemens	Германия
Alcatel SA	Франция
Юкос	Ресей

1. ТҮК-ң қызмет етуінің тиімді жақтары:

- өндірістің тиімді орналасуына ықпал етеді;
- ресурстардың барлық түрінің тиімді бөлінуіне ықпал етеді;
- жаңа тауарлар мен технологиялар тез таралады;
- ТҮК бәсекелестікті күшейтеді;
- халықаралық ынтымақтастық кеңееді;

2. Тиімсіз жақтары:

- ТҮК салық салу жөніндегі ұлттық заңдылықтарды мойындамауы мүмкін;
- монопольды жоғары бағалар орнатуы мүмкін;
- қабылдаушы елдің табиғи және еңбек ресурстарын ысыраппен жұмсайды.

Қазақстандағы ТҮК: Chevron, Exxon Mobil, ENI Group, British Gas, Royal Dutch/Shell, Samsung, Лукойл және т.б.

СӨЖ тапсырмалары

1. Реферат дайындау. Тақырып: Шетел инвестицияларының Қазақстанға келуі.

Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік кеңес: реферат дайындау барысында дәріс, интернет, оқулықтардан алған, тақырыпқа сәйкес келетін кез келген материалды қолдануға болады.

Рефератта капиталдың қандай жағдайларда шетке шығарылатыны, оның себептері қарастырылуы керек. Капитал шетке шығарылғанда қандай мақсаттар қойылады? Шетке шығарылатын капиталдың қандай түрлері болады? Осылар қарастырылуы керек.

2. Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.

- Халықаралық несие дегенге анықтама беріңіз.
- Валюталық несиелер қандай валюталарда беріледі.
- Берілу мерзімі бойынша несие нешеге бөлінеді?
- Ұзақ мерзімдік несиелер не үшін қолданылады?
- Несие қандай қызметтер атқарады?

Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік нұсқау. Алдымен несие түсінігін толығымен қарастырып алу керек. Несие қандай мақсаттарда қолданылады? Оның қандай түрлері бар? Мемлекет ішіндегі несие мен халықаралық несие айырмашылығы неде екенін түсініп алу қажет.

Мемлекетаралық несиені қалай іске асырылады? Бұл операциялар мемлекеттерге пайда әкеледі ме? Әлде зияны тиеді ме? Осы сұрақтарды қарастырып алған жөн.

Келесі мемлекеттік несиені қалай жүзеге асырылады? Халықаралық мемлекеттік несиені мен халықаралық несиенің айырмашылығы неде екенін түсініп алу қажет.

Жаттығу:

1. Төмендегілердің қайсысы тікелей инвестиция, қайсысы портфельді инвестиция болып табылады?

1) Американдық банк «Лукойл» компаниясының акциясын \$20 млн. сатып алды.

2) «ТуранӘлемБанкі» Берлинде ғимарат сатып алып, өз филиалын ашты.

3) Павлодар трактор зауыты АҚШ-та орналасқан трактор өткізуші қазақ-американ біріккен кәсіпорының жарғылық қорындағы өз үлесін 51-ден 72% дейін өсірді.

4) Қазақстандық «Seven» компаниясы Германиядағы клиентінің тапсырысы бойынша «ҚазМұнайГаз» компаниясының ағымдағы акция шығарылымының 11%-ын сатып алды.

5) «Макдональдс» фирмасы тағы бір мейрамхана ашты.

6) Қазақстан-американ инвестициялық қоры қысқа мерзімді қазақстандық міндеттемелер мен мемлекеттік займ облигацияларына 100 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы орналастырды.

1) Капиталдың халықаралық қозғалысы және оның нысандары

1. Анықтамасы	
2. Капиталдың халықаралық қозғалысының нысандары	
3. Себептері	

2) Салыстырыңыз:

	Тікелей шетел инвестициялар	Портфельді инвестициялар
1. Анықтамасы		
2. Себептері		
3. Нысандары мен түрлері		
4. Эффе́ктісі		
5. Реттеу		

3) Капиталдың қозғалу нысандарын салыстырыңыз

Кәсіпкерлік капитал	Ссудалық капитал
1.	1.
2.	2.
3.	3.
.....

4) Халықаралық корпорациялар. Трансұлттық корпорациялар

1. Анықтамасы	
2. Халықаралық корпорациялардың нысандары	
3. Әсерін бағалау	орналасқан елге

5) Берілген терминдер бойынша глоссарий құрастырыңыз

1. Капиталдың халықаралық қозғалысы
2. Тікелей және портфельды инвестициялар
3. Қабылдайтын ел
4. Кәсіпкерлік және ссудалық капитал
5. Еншілес және ассоциирленген компания
6. Филиал
7. Тікелей инвестор
8. Халықаралық және трансұлттық корпорация
9. Транферттік бағалар
10. Халықаралық займдар мен несиелеу

6) Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Пайда болу көздері, пайдалану сипаты, пайдалану мерзімі, атқаратын функциялар бойынша капиталдың негізгі нысандарын атаңыз.
2. Ссудалық капиталдың халықаралық миграциясын түсіндіріңіз.
3. Тікелей инвестициялардың ерекшеліктері.
4. Тікелей инвестициялардың экспортының негізгі себептері?
5. Инвестициялар импортының себептері?
6. Байланысқан халықараық несиелер дегеніміз не?
7. Тікелей инвестицияларын мемлекеттік реттеу жолдары
8. Халықаралық корпорациялардың жұмысының ерекшеліктері
9. Халықаралық несиелеудің ережелері
10. Портфельды инвестициялар және олардың түрлері
11. Халықаралық займдау және несиелеу дегеніміз не?
12. Еншілес, ассоциирленген компанилар мен бөлімдердің ерекшеліктері неде?

7) Есептер

1. Келесі инвестициялардың қайсысы тікелей, ал қайсысы портфельды болып саналады:

а) Американдық банк ресей компанияның 20 млн. долл. акция сатып алды. Акцияларды шығар 600 млн. долл. құрайды.

б) Голландияда өз филиалын ашу мақсатында ресей банкі Амстердамда ғимарат сатып алды.

в) Норвегияда орналасқан белорусь-норвегия бірлескен кәсіпорынның жарғы капиталында Белорусь трактор зауыты өз үлесін 51 до 75 % дейін көбейтті.

г) Канада фирмасы «Мак Дональдс» кезекті ресторанын Минскіде ашты.

д) Американдық-ресей инвестициялық қоры ресей мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелерге 100 млн. долл. жұмсады.

2. Өндіріс факторларының мобильдік дәрежесі неге байланысты? Неге әлемдік экономика шеңберінде өндіріс факторлар елге қарағанда мобильдік дәрежесі төмен?

3. Тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасының кеңейтуі өндіріс факторларының халықаралық миграциясына қандай әсер тигізеді - ынталандырады немесе тоқтатады?

4. Халықаралық сауданың дамуына тікелей шетел инвестициялар қандай әсер тигізеді - ынталандырады немесе тоқтатады?

9 БӨЛІМ. ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Технологиялардың халықаралық қозғалысының жүзеге асырылу жолдары және құқықтық қорғау формалары

2. Технологиялар қозғалысын мемлекеттік реттеу

1. Технологиялардың халықаралық қозғалысы коммерция-лық немесе қайтарымсыз негізде ғылыми-техникалық жетістіктердің (өнімдер технологиясы, процестер технологиясы, басқару технологиясы) мемлекетаралық қозғалысын білдіреді. Технологиялардың бөлінісі жекелеген елдердің ғылыми-техникалық прогресте қол жеткізген нәтижелеріне байланысты.

Техникалық прогрестің үш түрі бар:

-бейтарап техникалық прогресс;

-капитал үнемдеуші техникалық прогресс;

-еңбек үнемдеуші техникалық прогресс.

Бейтарап техникалық прогресс өндірістің салыстырмалы шығындарының азаюына және өндіріс көлемінің ұлғаюына әсер етеді. Егер технологиялық өзгерістер импортпен бәсекелес салаларда жүргізілсе, онда елдің сауда шарттары жақсарады;

Капитал үнемдеуші техникалық прогресс капиталды көп қажет ететін салаларда өндіріс шығындарының азаюына ықпалын тигізеді;

Еңбек үнемдеуші техникалық прогресс еңбек сыйымды, яғни еңбекті көп қажет ететін салалардың өндіріс шығындарын қысқартады.

Технологияларды құқықтық қорғау формалары бірнеше құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Патент - өнертапқышқа осы табысын монополия иелік ету құқығын қуаландыратын және құзырлы үкіметтік орган арқылы берілетін куәлік. Патенттің жарамды мерзімі 15-20 жылмен шектелуі мүмкін және ол тек берілген ел территориясына ғана қызмет ете алады. Патентті өз күшінде сақтап тұру жоғары патенттік салықтарды төлеуді заң жүзінде талап етеді, сондықтан көптеген патент иелері өз табыстарын басқа қаржылы адамдарға немесе фирмаларға сатып жібереді.

Лицензия – технология иесі арқылы белгілі бір технология түрін арнайы бір мерзімге, арнайы ақыға қолдануға рұқсат ететін құжат.

Копирайт - әдеби, аудио және бейне шығармалар иесінің өз жұмысын көрсетуге немесе көшіріп алуға рұқсат етуі.

Тауар маркасы – тауар өндірушінің жеке-даралығын анықтаушы символ және бұл символды иесінің рұқсатынсыз басқа ұйымдардың қолдануына тиым салынады. Тауар маркалары негізінен сурет, графикалық сызба, қысқартылған әріптер, корпорацияның негізін салушы немесе иесінің аты-жөні түрінде бейнеленеді.

2. Технологиялардың халықаралық қозғалысы келесі негізгі формалар арқылы жүзеге асырылады:

1) Патенттік келісімдер – патент иесі өз құқығын патентті сатып алушыға беретін халықаралық сауда келісімі;

2) Лицензиялық келісімдер - жаңалық иесі өз жаңалығын басқа біреуге уақытша пайдалануға рұқсат ететін халықаралық сауда келісімі;

3) Ноу-хау – техникалық тәжірибе мен өндіріс құпияларын (технологиялық, экономикалық, қаржылық) беру немесе сату.

4) Техникалық ықпалдасу бағдарламалары – халықаралық ұйымдар тарапынан және екі жақты келісім негізінде жүргізіледі. Келесі түрлері жиі қолданылады:

-технологиялық гранттар;

-бірлесіп қаржыландыру.

Бағдарламалар дамушы елдерге дамыған елдер тарапынан тәжірибе алмасу, білім беру, кадрлар даярлау, технологияларды табыс ету сияқты жұмыстарды іске асырады.

Көптеген елдер технологияларды ұлттық шеңберде (мемлекеттік территорияларда) сақтап тұру үшін оларды экспорттауда шектеулер қолданылады. Сонымен бірге, мұндай шектеулер елдің бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді. Технологиялар қозғалысына мемлекеттік реттеу енгізу бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін.

- технологиялық жетекшілікті ұстап тұру;
- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары;
- халықаралық келісімдердің шарттары. (негізінен екі жақты тауарлар мен технологияларға байланысты қолданылады).

Лицензияларды экспорттауда АҚШ, Жапония, Германия, Италия алғашқы орындарда тұрады. Қазіргі заманғы технологиялардың әлемдік нарығында төмендегідей ерекшеліктер тіркелген:

-ең жоғарғы технологиялық сыйымды өнімдер саудасы қатарында:

- а) аэрокосмостық құралдар саудасы (22,7%);
- ә) кеңсе құрал жабдықтары және компьютерлер (17,5%);
- б) электроника және оның компоненттері (10,4%);
- в) дәрі-дәрмек (8,7%);
- г) құралдар (4,8%);
- д) электр құрал-жабдықтары (4,4%).

-орташа сыйымды өнімдер: автомобильдер саудасы – 2,7%; химия өнімдерінің лицензиялық саудасы – 2,3% және т.б.

-төменгі технологиялық сыйымды өнімдер: кірпіш, шыны, мұнай, қара металдар және т.б.

Технологиялар қозғалысын тікелей мемлекеттік реттеу экспорттық бақылау органдары арқылы кедендік және шекаралық бақылау әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Жанама мемлекеттік реттеу көптеген елдерде, патенттер мен сауда белгілерін тіркеудің мемлекеттік жүйесі арқылы жүргізіледі. Кейбір жағдайларда технологияны экспорттауда арнайы үкімет рұқсат қажет. Технологиялар қозғалысын реттеуші заң талаптарын бұзу мемлекеттік қылмыс ретінде саналып, заң нормаларына сәйкес жазаланады.

СӨЖ тапсырмалары

1. Технологияны халықаралық тапсыру

1. Технологияны халықаралық тапсырудың анықтамасы	
2. Технологияны халықаралық тапсыру механизмдері	
3. Технологияны халықаралық тапсыру нысандары	
4.Объектілер	
3. Технологияны халықаралық тапсыру себептері	

2. Технологияны халықаралық беру механизмдері

Технологияны қорғау нысандары	1.	
	2.	
	3.	
	4.	
Технологияны беру нысандары	1.	
	2.	
	3.	

	4.	
--	----	--

3. Технологияны беруді мемлекеттік реттеу

1. Технологияны беруді шектеу себептері	1.	
	2.	
	3.	
2. Реттеу механизмі		

4. Халықаралық техникалық ынтымақтастық

1. Анықтамасы		
2. Техникалық көмек көрсетудің түрлері	1.	
	2.	
3. Техникалық көмек көрсету механизмдері	1.	
	2.	

5) Берілген терминдерге түсініктеме беріңіз

1. Технологияларды халықаралық беру
2. Патент
3. Лицензия жән оның негізгі түрлері
4. Ноу-хау
5. Мерзімді пайыздық төлемдер (роялти)
6. Паушалды төлем
7. Патентсіз лицензия
8. Айрықша лицензия
9. Жай лицензия
10. Толық лицензия
11. Франчайзинг
12. Инжиниринг
13. Техникалық көмек көрсету
14. Технология
15. Тауардың өмірлік циклы

6) Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Технологияны халықаралық беру
2. Технологияны халықаралық беруі қандай нысандарда іске асырылады
3. Технологияны қорғаудың құқықтық нысандары
4. Технологиялық айырмашылықтың динамикалық моделінің мәні
5. Техникалық көмек көрсету және оның түрлері
6. Техникалық көмектің механизмдері
7. Технологияны берудің шектеу себептері және оны реттеу механизмдері

7) Есептер.

1. Келесі пікірді бағалаңыз: «Еңбекті үнемдейтін техникалық прогресс дамушы елдерге қажет емес, себебі жоғары жұмыссыздықты арттырады және капиталдың келу мәселесін шешпейді».

2. Технологияны берудің негізгі ағындары бәсекеге қабілетті индустриалды елдер арасында неге жүреді?

3. Ағаштың әлемдік бағасы бір бірлігі 10 долл. тең, алюминийдің әлемдік бағасы - 24 долл. бірлікке. Ағаштың бір бірлігін өңдеу үшін елде 2 сағат жұмсалады, алюминийді

өндіруге - 8 сағат. Сатылмайтын тауардың бір бірлігін өндіруге - кірпіштің 100 сағат қажет.

А. Мемлекет қай тауарларды экспортқа шығарады және кірпіштің бағасы қандай болады?

Б. Еңбекті үнемдейтін техникалық прогрестің нәтижесінде алюминийдің бір бірлігін өндіру үшін 6 сағатқа дейін азайды. А сұрағына жауабы қандай болады?

В. Еңбекті үнемдейтін техникалық прогрестің нәтижесінде алюминийдің бір бірлігін өндіру үшін 4 сағатқа дейін азайды. А сұрағына жауабы қандай болады?

4. «Микрософт» американдық компания өзінің жаңартылған Windows XP бағдарламасын сатады. Лицензия үшін сіз қандай төлем төлеу тәсілін – роялти, паушалды төлем, пайдаға қатысу немесе меншікке қатысу лицензиялық келісімге қосатын едіңіз:

а) жеке пайдаланушыларға;

б) Windows-та жұмыс істейтін және қолданбалы бағдарламаларды әзірлейтін компанияларға;

в) «Микрософтың» барлық өніміне бас дистрибьютор болуға тырысатын компанияға.

1. Эссе дайындау. Тақырып: Технологияны беруді мемлекеттік реттеу.

Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік кеңес: эссе дайындау барысында дәріс, интернет, оқулықтардан алған, тақырыпқа сәйкес келетін кез келген материалды қолдануға болады. Эссе технологияның қандай жағдайларда шетке шығарылатыны, оның себептерін қарастыру керек. Технологияны айырбас не үшін қажет? Технологияларды беруді мемлекеттің реттеу құралдары қандай? Осылар қарастырылуы керек.

2. Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар.

-қандай жағдайларда технология өндіріс факторы бола алады?

-технологиялармен халықаралық айырбас дегеніміз не және ол қандай формалармен жүзеге асырылады?

-қандай технологиялық прогресс капитал үнемдеуші, еңбек үнемдеуші және бейтарап деп аталады?

-халықаралық саудадағы тауар өмірінің технологиялық циклын түсіндіріңіз.

-технологияларды құқықтық қорғау механизмдері және оларды халықаралық беру формалары қандай?

-лицензиялық келісімнің экономикалық жағдайы неден тұрады?

-технологияларды беруді мемлекеттік реттеу дегеніміз не?

Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік нұсқау. Алдымен технология түсінігін толығымен қарастырып алу керек. Оның қандай түрлері бар?

Республикамыздың заң актілерімен танысу. Бұл операциялар мемлекет заңымен қалай қорғалған? Олар пайда әкеледі ме? Әлде зияны тиеді ме? Осы сұрақтарды қарастырып алған жөн.

Келесі мемлекеттік реттеу қалай жүзеге асырылады?

Тесттің жауаптарын іздестіріңіз:

1. Технология иесі арқылы белгілі бір технология түрін арнайы бір мерзімге, арнайы ақыға қолдануға рұқсат ететін құжат – бұл:

А) патент;

В) лицензия;

С) копирайт;

Д) тауар маркасы;

Е) технологиялық гранттар.

2. Өнертапбысқа патентсіз «ноу-хауды» қолдануға берілген құқығын куаландыратын құжат:

А) патенттік лицензия;

- В) патентсіз лицензия;
- С) толық лицензия;
- Д) ерекше лицензия;
- Е) қарапайым лицензия.

3. Роялти дегеніміз:

А) бір уақытта немесе 2-3 рет қабылдауда тіркелген сома формасындағы лицензиялық келісім бойынша төлемдер;

В) лицензиат табысынан кезеңдік аударулар формасында лицензиялық келісім бойынша төлемдер;

С) тұрақты сома түрінде сыртқы сауда келісімі бойынша төлемдер;

Д) келісімшарт бағасынан пайыздық немесе кезеңдік аударулар формасындағы сыртқы сауда келісімшарты бойынша төлемдер;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

4. Техникалық тәжірибе мен өндіріс құпиясын ұсыну – бұл:

А) инжиниринг;

В) ноу-хау;

С) лизинг;

Д) патент;

Е) техникалық ықпалдастық.

Дұрыс жауаптары: 1 (В); 2 (В); 3 (А); 4 (В);

10 БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

1. Халықаралық экономикалық интеграцияның алғышарт-тары
2. Халықаралық экономикалық интеграцияның кезеңі мен нысандары
3. Әлемнің жеке аймақтарында интеграциялық дамудың тәжірибесі
 - 3.1 Орталық Еуропадағы еркін сауда аймағы
 - 3.2 Еркін сауданың Солтүстік Америкалық ассоциациясы
 - 3.3 Азия-Тынық мұхит аймағындағы ынтымақтастық
 - 3.4 Оңтүстік Америкадағы интеграциялық процестер
 - 3.5 Африкадағы интеграциялық процестер

1. Халықаралық экономикалық қатынастың нарық жүйесінде бірнеше алғышарттардың жоғары кезеңге – халықаралық интеграцияға өтуінің объективті қатары туындайды. Олар микродеңгейде де (кәсіпорын, фирма), сонымен қатар макродеңгейде (мемлекет, аудан, елдер тобы) құрылады. Кәсіпорын үшін айқын нақты түрткі ретінде – сатылым көлемінің ұлғаюы, өнімнің өзіндік құнының төмендеуі, нарықта жайғастыру, тауар циклінің тиімді ұзаруы танылады. Микродеңгей жағдайында қызметтің нәтижелігі көлемді, нарық субъектілерінің бір бірімен тұрақты байланысы, кәсіпорын мен фирмаға бір бөлікті анықтап көрсететін, сонымен бірге Әлемдік Экономикалық Қатынастардың жағымсыз факторларымен байланысқан – аймақтық қашықтық, өндіріс пен қорлар факторларының ұтқырлығының, ұлттық барьерлердің, кедендік және валюталық кедергіліктің аздығы. Объективті түрде екі жол пайда болады:

- трансұлттық фирмалардың дамуы мен құрылуы, олар көптеген қиыншылықтардан өтуге мүмкіндік береді (трансферттік жеткізу бойынша, бағалы саясат бойынша, өндірудің жағымды жағдайларының есебі бойынша, нарық жағдайларының есепке алынуы, пайданың қосымшалары және т.б.);

- әлемнің ірі аймақтарында мемлекет аралық шараларға сәйкес тікелей әлемдік шаруашылық нарығының құрылуы (экономикалық, құқықтық, ақпараттық, психологиялық және саяси кеңістік).

Осы екі бағыттардың үйлесімі жоғарғы тиімді және перспективалық әлем шаруашылығы қатынастардың сатысын - халықаралық экономикалық интеграцияны қамтамасыз етеді. Экономикалық позиция жағынан халықаралық экономикалық интеграцияның объективті факторы – шектелген қорларды пайдаланғанда жақсы жағдайды қамтамасыз ету (табиғи және пайдаланылған). Артықшылықтар мұнда белгіленбеген: сипаты мен рөлі басым ресурстық факторлар заңды түрде өзгереді. Бастапқыда, Екінші әлемдік соғыстан кейін, интеграциялық дамуға серпін болатын жағдай бұл өндірістік қорлардың (энергия тасығыш, металлургиялық қуаттылық және т.б.) бірігуі себебі танылады, бұл Батыс Еуропада жалпы нарықтың құрылуында да болды. Біртіндеп халықаралық интеграциялық дамудың ортасы болып технологиялық сала болды. Соңғы кездері маңызды орынға ақпараттық-инжинирингтік қызмет ұсынылады. Бұл сонымен қатар практикалық тәжірибемен ЕО (Еуропалық экономикалық қоғамдастық, қазіргі уақытта Еуропалық Одақ) расталады. Қазіргі жағдайда халықаралық экономикалық интеграция – логикалық, микроэкономикалық трансұлттық нәтиженің және макроэкономикалық процестердің заңдылығын айтуға болады. Осымен бірге соңғысы әлем шаруашылығы қатынастарының нарықтық қатынастарына кірістіріледі. Халықаралық экономикалық қатынастарының заманауи теориясында интеграциялық процестердің дамуының бес деңгейін (дәйекті кезең) ажыратады:

- еркін сауда аймағы;
- кедендік одақ;
- бірыңғай, немесе жалпы нарық;
- экономикалық одақ;
- экономикалық және валюталық одақ.

Қазіргі таңда, тек халықаралық интеграциялық топ ғана барлық белгіленген кезеңдерді нақты өтті – Еуропалық Одақ (ЕО). Басқа интеграциялық топтар, ал олар бірнеше, өзінің дамуын бірінші және көбінесе екінші кезеңге өтті. Дұрыс түсіну үшін, ӘӘК-тың интеграциялық дамуының кезеңдерін жеке қарастыру қажет.

2. Интеграцияның алғашқы логикалық және хронологиялық кезеңі болып еркін сауда аймағы (ЕСА) танылады. Қазіргі ұғымда артықшылығы бар аймақ, яғни халықаралық сауда тауарларды алуда кедендік және көптеген шектеулер еркін болады. Әдетте, аймақтарға сәйкес нақты келісімдер өндірістік тауарлармен ЕСА-н құруды бірнеше жолмен, кедендік баждардың және басқа да тарифтік емес шектеулерді қарастырады. Ауылшаруашылық тауарларды ырықтандыру шектеулі сипатты иеленеді, сонымен қатар ол тек кейбір кедендік номенклатура бойынша позицияны алады. Осындай тәсіл ЕО-тың құрылуында іске асырылды, және қазіргі таңда еркін сауданың (НАФТА) Солтүстік америкалық қауымдастықта және Оңтүстік конус елдерінің жалпы нарығында (Оңтүстік Америкадағы МЕРКОСУР) маңызды. ЕСА-н құрудағы келісімдер, әдетте, Standstill бажын жоғарылатуға мораторий орнату қағидалары бойынша негізделген. Бұл серіктестіктердің бір жақты тәртіпте кедендік баждарды жоғарылатуға немесе жаңа сауда барьерлерін еңгузе алмайтынын білдіреді. Жағдайларда жақтар кедендік салым деңгейін жоғарылатуға немесе арнайы қорғану шараларын, жағдайларын қолдануға мүмкіндігі болғанда, олардың пайдалану мерзімін, қорғану шараларын таратуға, сонымен қатар ЕСА келісімінде баждардың көлемі қарастырылады. Осындай келісімдердің жағымды белгілеріне тұрақты және қатысушы елдердің сауда саясатының сипатын жатқызуға болады. ЕСА-ны функцияландыру елдерге өзіне қабылданған міндеттерді орындауға, сыртқы экономикалық қызметтердің барлық жүйесін жүзеге асыруға, халықаралық тәжірибеге тереңірек бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге мынадай жағдайларды белгілеу керек, ЕСА елдер қатысушыларының өзара іс-қимылы, соған сәйкес аудандарда қызметтерді реттеу әрдайым әрекет ететін ұлттық басқару жүйесінің немесе арнайы жалпы шешімдерді қабылдау жатады. ЕСА-ны құруда бірігу процесін баяулататын, алайда бұзбайтын сипатты иеленетін бірнеше жағымсыз жағдайлар шықты. ЕСА-ны құру ішкі нарықта бәсекелестікті күшейтуге алып келеді, бұл отандық өнеркәсіп өнімінің техникалық жағдайына және сапасына қолайлы әсерін береді. Импортты ырықтандыру ұлттық тауар өндірушілерге елеулі қатер төндіреді, олардың ішіндегісіне банкроттылық қауіпін жоғарылатады, ол сапалы импорттық тауарлар мен бәсекеге қабілетті бәсекелестікке шыдай алмайды. Мемлекеттің жақтарынан қолдау көрмеу қауіптіліктің болуына, яғни қолданылатын қорғану құралдарына қарамастан шетел өндірушілері отандық өнімдерді ішкі нарықтан шығаруына алып келеді. Халықаралық экономикалық интеграцияның келесі деңгейі болып кедендік одақ (КО) танылады – екі және одан да көп мемлекеттердің кедендік баждарды саудада жоюға келісім, ұжымдық протекционизм нысаны. КО үшін реттеуші институттар қажеттілігі туындайды. Біріншіден, бірыңғай кедендік баждарға көшу және үйлестірілген шараларды бірігіп жүзеге асыру үшін ұлттық экономиканың әр елде даму тәсілін қайта қарастырылуын талап етеді. Екіншіден, макроэкономикалық деңгейде жеке салаларды дамыту үйлестіру қажет, бұл жаңа әртүрлі мәселелерді қызметтің басқа салаларында пайда болуына алып келеді. Үшіншіден, тек келіссөздерде кедендік – тарифтік саясатта ғана емес, жалпы мүдделерде пайда болатын үйлестіру немесе ішкі нарықтарды бейімделу пайда болады. Осы байланыста ұлттық органдарды құру туралы мәселе туындайды, олар сыртқы сауда мен өндірістің қызметін әзірлейді, үйлестіреді, бақылайды. Нақты КО осы әрекеттерсіз жүзеге асуы мүмкін емес. КО-ты үйлестіру барлық өндірілетін және қолданылатын тауарлар үшін кедендік тарифтік қызметті біріздендіруді ұсынады. Интеграциялық қызмет аясында біртіндеп экономиканың әртүрлі секторы мен салалары түседі. Бұл түсінікті де, себебі өндірістік интеграцияны қамтамасыз ететін микродеңгейдегі іс-әрекеттер маңызды рөлді алады. Интеграция валюталық-қаржылық аясында жүзеге асады, алайда валюта-қаржылық

ынтымақтастық, әсіресе бірінші жағдайда авангардты емес, ол қызмет көрсететін фактор ролін атқарады. КО шеңберінде әдетте қаржылық институттар, банкілер, сақтандыру компаниялары екінші кезектегі орынды алады. Тәжірибе көрсеткендей, КО-тың саласынан тыс және оның жалпы кедендік тарифтік саясатында ірі бағыттар, яғни қорғаныс өнеркәсібі, энергетиканың жеке салалары және т.б. қалады. Интеграцияның жоғары сапалы деңгейі болып бірыңғай нарық (БН) танылады. Бұл интеграциялық дамудың кезеңі Еуропалық Одақта бұрыннан жүзеге асырылған, әсіресе, 60-шы және 70-шы жылдары ресми түрде Жалпы Нарық деп аталған етін. КО-тың бірыңғай нарыққа үйлесуі экономикалық факторларға және саясатқа негізделеді. Айналым бойынша тарифтік кедергілерді нақты мөлшерде жоғалуына қарамастан, тарифтік еместер де бар: техникалық нормаларда, тауарлардың ұлттық маркаларын заңды қорғауда ерекшелік бар және т.б. Тәжірибе көрсеткендей сауалнамалардың үйлесуі күрделі іс болуы мүмкін және консенсуске қол жеткізу әрқашан мүмкін емес. Жетістікке жету үшін жаңа тәсілдер мен басқару әдістері, ұлттық құндылықтарды айтарлықтай күшейту қажет. Бірыңғай нарықты құру үшін бірнеше ірі мәселелерді шешу керек. Тек КО ғана БН-қа өтуге алғышарттар құру қажет, екі мәселелерді шешу:

Біріншіден, кедендік баждарды мемлекет қатысушыларымен қысқарту,

Екіншіден, бірыңғай сауда саясатын үшінші елдерге өңдеу.

Үшінші міндет, КО аясында жүзеге аспаған – жеке салалардың және экономика секторларының жалпы саясатын өңдеу. Олардың таңдауы келесідей интеграцияларды бекіту үшін маңызды, осыдан сәйкес келетін шараларды қабылдаудан кейін әлеуметтік жаңғырықтардың қандай болатыны, нақты қолданушылардың жоқшылығы мен қажеттіліктеріне қалай әсер ететіні туралы сауалнамалар туындайды. Кездейсоқ емес БО-тың БН-қа өту кезінде таңдалынған орта ретінде ауылшаруашылық пен көліктер анықталынған болатын.

Төртінші міндет – капиталдың, жұмыс күшіне, ақпараттар мен қызмет көрсетуге еркін әрекет етуіне, кедергісіз тауарларды өткізуге жағдай туғызу. БН-ты құруда шешілетін бесінші міндет – әлеуметтік және аудандық даму үшін жалпы қорларды құру, бұл тұтынушының мүдделеріне «бұрылу» білдіреді, «жергілікті жерлерде қажеттіліктерді» қанағаттандыру, интеграциялық процестердің құндылықтарын сезінуге нақты мүмкіндік береді.

Бұл экономикалық қадамдар елеулі шараларды үйлестіруді және ұлттық заңдарды біріздендіруді келісіммен негіздейді. Осымен қатар бәсекелестікті реттеуде нормаларды бұзудың алдын алу үшін шаралар жүйесін енгізуге маңызды орын бөлінеді. Әрине, осылайша арнайы қажеттілікті қалыптастыру анықталды, сонымен бірге ұлттық, басқару және бақылау органдары. БО-та бұл – Еуропарламент, Министрлер Кеңесі, Сот және т.б. Басқа интеграциялық топтар басқа басқару мен бақылау органдарын иеленеді. БО-та тәжірибесін куәландыратын міндеттерді интеграциялық топтастырумен шешуге тура келеді, сәйкес құралдарды қолдану мен құруды талап етеді.

Экономикалық одақтың өзіндік нысанын және бір мезгілде, кейбір жағдайларда валюталық одақты құрады, ол мынадай жағдайды көздеуі мүмкін:

-ұлттық валютаның келісілген (біріккен) жүруі;

-келісімге тіркелген валюталық курсты белгілеу бойынша, ол мақсатты түрде қатысушы елдердің орталық банкілерімен қолдау алады;

-бірыңғай өңірлік валютаны құру;

-халықаралық валюталық бірліктің эмиссиялық орталығы болып табылатын бірыңғай өңірлік банкті қалыптастыру.

БН-тың құрылысын экономикалық, құқықтық және ақпараттық кеңістікпен құрумен аяқтау және интеграциялық топтастыруға импульс беріп жаңа сатыға – экономикалық одаққа (ЭО) өту. ЭО-тың жұмыс істеуі үшін қазіргі таңда келесідей бейнеде сызба түрінде көрінеді. Қатысушы елдердің негізгі саясаттың бағыттары мен Одақтары қатысушы елдердің Министрлер Кеңесімен біріккен түрде анықталады, ол осы

елдің және Одақтың экономикалық дамуын бақылайды. БО-тың негізгі бағыттарына Елдің экономикалық саясатымен сәйкес келмеуі немесе ЭО-тың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтірсе, Министрлер Кеңесі қажетті шаралар қабылдайды. Мысалы, қатысушы елдер мемлекеттік бюджеттің тапшылығынан аулақ болуы тиіс, оған бақылау орнатылған. Валюталық одақ бар (евро аймағы), алайда БО-қа кіретін көптеген елдерді қамтымайды.

3.1 90-шы жылдардың басында Орталық Еуропаның елдерінде (Венгрия, Польша, Словакия және Чехия) Еуропалық континентке баратын сыртқы сауданың ырықтандыру процесі белсенді түрде қосылатын. Орталық Еуропа елдерінде еркін сауда аймақтарын құру бастамасы ретінде толық өзара байланысқан мәселелерді шешу мақсатында Еуропалық Одақта экономикалық және саяси жүйені құру жатқызылған. 1992 жылдың желтоқсанында осы төрт ел еркін сауда (СЕФТА) туралы Орталықеуропалық келісімге қол қойды, оған 1996 жылдың қаңтарында Словения қосылды. Келісім өндірістік тауарлары бар еркін сауданың аймағын бірнеше жылға құрылуын және олардың қабылдау күнінен бастап кедендік баждар мен басқа да тарифтік емес шектеулерді қарастырды. Келісім серіктестіктердің бір жақты тәртіппен кедендік баждарды жоғарылатуға немесе жаңа сауда барьерлерін еңгізу қағидаларына негізделген. Сонымен қатар келісіммен бірнеше жағдайлар, яғни онда жақтар кедендік салымдардың мөлшерлеремесін немесе арнайы қорғану шараларын қолдану қарастырылған. Орталықеуропалық келісім 4 жыл ішінде еркін сауда аймақтарын құру қарастырған. Тарифтік және тарифтік емес барьерлердің жеделтілген қарқыны СЕФТА аймақтарында ұлттық өндірушілердің бірте-бірте ішкі нарықта өсіп жатқан бәсекелестікке тауарлармен шамамен бірдей сапасы мен техникалық деңгейіне бейімделу. Еркін сауда туралы келісімді құрудың оң қорытындысы болып елдер аймақтарының сауда саясатын иемденген тұрақты және болжамды сипатты алады. Келісіммен бекітілген біржақты кедендік баждарға тиым салу, импорттық шикізатты, материалдар мен бұйымдарды, Орталықеуропалық елдердің ұлттық нарықтарында тұрақты қызмет шарты ұлттық өндірушілерге және шетел инвесторларына кепілдік берген. Еркін сауда жақтары туралы келісімнің әрекет ету уақыты орташа дәрежеде ішкі нарықтың қосымша қорғану құралдарымен қолданылды. Қазір Орталық Еуропаның барлық елдері БО құрамына кірді.

3.2 Еркін сауданың Солтүстік Америкалық ассоциациясы. Халықаралық интеграцияның басқа тәжірибелік мысалы болып еркін сауданың Солтүстік Америкалық Ассоциациясы (НАФТА) танылады. АҚШ пен Канада, Мексика елдерімен еркін сауданың Солтүстік Америкалық Ассоциациясы туралы келісімге қол қойылған болатын, 1994 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Келісімнің негізгі ережелеріне талдау жасасақ және Еуроодақтың құжаттарын салыстырғанда, онда маңыздысы: тек кедендік барьерлер ғана тартылады, НАФТА тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капитал мен жұмыс күшінің жылжуы үшін бірегей континенттік нарықтың құрылуына жол ашады. Мамандардың есептеуі бойынша ХХІ ғасырдың 1-ші онжылдығының аяғында үш ұлттық нарықтардың бірігуі болады және 375 млн. тұрғыны бар еркін сауда аймағы құрылады. Алайда мынаны ескеру керек, НАФТА аймағында БО бар (Комиссия, Сот, Парламент және т.б.) ынтымақтастықты бақылайтын арнайы органдар құрылмаған. Ынтымақтастық процесінде БО-тан басқалары механизмдер құрылуы мүмкін, егер де ол қажетті болса. Солтүстік америкалық кеңістікте интеграцияның дамуында маңызды рөлді, әрине АҚШ-қа тиесілі, ол көптеген жылдар бойы өзінің компаниясы арқылы белсенді түрде көршілерінің экономикасына кірген болатын. Континентте америкалық экономиканың артықшылығы басым кезеңде әлемдік нарықта көшбасшы болып отырған АҚШ өзінің континентінде интеграциялық процесстің дамуына зәру болмаған. Әлемдегі жағдайлардың ауысуы объективті түрде онын алдына осындай міндет қойды. Мұнда мәселе Батыс Еуропаның, Жапонияның, Азия-тынық мұхит аймағы елдерінің ниеті мен әрекеттері туралы, олардың америкалық қолшатырдан шығып, экономикалық қуаттылықты күшейту, экономикалық

жиынтықтың және бірнеше елдің ғылыми-техникалық әлеуеті АҚШ-тың көрсеткіштерімен ұқсас. Саяси сипаттағы дәлелдерден басқа, әр қатысушы елдің келісімі НАФТА-ға қатысудың өзіндік экономикалық себептері бар. Америкалық мамандардың ойынша, экспорттың ұлғаюы жұмыс күшінің өсуіне алып келеді. Көп еңбекті қажет ететін және көп күш қажет етпейтін және басқа да қымбат тұратын өндірістерге мексикалық аймаққа ауыстыру процесіне байланысты үлкен үміт күтіледі, бұл шығындардың азаюына және осымен қоса америкалық тауарлардың бәсекеге қабілеттігін жоғарылатуға әсерін беруі тиіс. Америкалық саясаттанушылар-экономистер жаңа жағдайларда латынамерикалық елдердің экономикасына ендік НАФТА-ны өзіндік трамплин ретінде есептейді, мысалы «пайдаланушы» емес серіктес ретінде есептейді. Канаданың экономикасы АҚШ-тың экономикасымен тығыз байланысты. Канаданың сыртқы айналымындағы АҚШ-тың үлесі 70%-ды құрайды және керісінше, АҚШ-тың сыртқы айналымында Канаданың үлесі 20%-ды құрайды. Бұл үлкен көрсеткіш, егер де мынаны ескерсе интеграциялық топтастыруда, БО-та, Францияның сыртқы айналымында Германияның үлесі 20%-ды құрайды, ал сәйкесінше Францияның үлесі сәл жоғарырақ 10%-ды құрайды. 80-шы жылдардың аяғында канадалықтар мынадай шешімге келді, салыстырмалы түрде қолайлы жағдай интеграциялық процестерді тереңдету үшін АҚШ-пен басталғаны туралы, сонымен бірге канадалық фирмалардың тиімділігі америкалық үшін ұқсас көрсеткіштер белгілене бастады. Кедендік барьерлердің таратылуынан кейін экономикалық пайданың мүмкіндігі алдын ала есептелінген болатын, атап айтқанда өңдеуші және өндіруші өнеркәсіп үшін. Канаданың үкіметі НАФТА-ға қатысу бұл ғылымды көп қажет ететін өнімдерді шығарумен, пайданы жоғарылатумен тығыз байланысты, себебі серіктестіктердің топтарына қарағанда Канадада еңбек ақы жоғарырақ деп түсінеді. Канадада АҚШ-пен, НАФТА-мен интеграцияны тереңдетуде қарсыластары көп екенін ескеру керек, себебі Канададағы америкалық фирмалар агрессивті және кейбір салаларға ұлттық бақылауды жоғалтудың нақты қаупі бар. Канадалықтардың қаупі түсінікті, өйткені экономикалық процестерді жүргізетін күшті құқықтық институттар құрылмаған. Үлкен үміт НАФТА-ның Мексикамен байланысты-рады. Ол өзінің дамуының қарқынын күрт жеделдетуін, реформалар жүргізіп және 10-15 жылдан кейін өнеркәсіптік дамыған елдердің өзінің дамуы бойынша жақындауын қалайды. Капиталдың қимылын ырықтандыруға батыл шаралар қабылданған, оның ағымы басталды, шетел инвестициялардың көлемі өсті. Сонымен қатар кейбір қауіптер бар, мексикалық компанияларға солтүстік көршілерінің қысымын тежеу қиынырақ болады, әсіресе ауыл шаруашылығында елеулі мәселелер туындауы мүмкін. Қазіргі таңда НАФТА-ның қызметінің тиімділігін бағалау қиынға соғады, себебі көп уақыт өтпеді, алайда қазіргі уақытта оңтүстік америкалық елдердің осы экономикалық топқа қосылуы қарастырылады. Бәлкім, таяу болашақта нақты ұйымдастырылған құрылымды құру және ынтымақтастық механизмін өңдеу тура келеді.

3.3 Азия-Тынық мұхит аймағындағы ынтымақтастық. Егер тек географиялық жолмен ғана басқаратын болса, онда АТА-да «Азиялық Төртбұрыш» қалыптасты деуге болады: Жапония-Қытай-ҰИЖ-АСЕАН. Экономикалық байланыстардың даму нысаны жалпы азиялық құндылықтарды табуға, азиялық ынтымақтастықтың пайдасына кіреді. «Азиялық Төртбұрыш» аясында ішкі өңірлік әсер ету, ең алдымен, осындай аумақтарда, яғни сауда, тікелей инвестициялар, фирма аралық серіктестік секілді, сонымен қатар аймақ аралық деңгейде жүзеге асады. Интеграцияға келетін болсақ, біз оны мысалда БО, МЕРКОСУР және кейбір африкалық құрылымда, азиялық мәселелерді қарастырғанда, ең алдымен осы ауданға тән ерекшеліктерді ескеру керек. Концептуалды жоспарда, «азиялық емес» аналитикалық орталықтар, халықара-лық беделді ұйымдардың ұсынымы маңызды, АСЕАН аймағында аймақтық интеграция базасында басты үш бағыттар әзірленді. Олардың алғашқысы - нарықтық. Өзара саудада тарифтердің кезең-кезеңімен төмендеуі еркін сауда аймағына артықшылық береді, нәтижесінде салыстырмалы артықшылық-

тардың теориясына сәйкес және қорларды қолдану АСЕАН елдерінің өндірісін еңгізудің толық еркіндігін қамтамасыз ету арқылы қорларын пайдалану үшін тиімді. Екінші бағыт – нарықтық-институционалдық. Айрықша ерекшелігі – мемлекеттік басқарудың кейбір нысандарын қолдана отырып іріктелген сауданы ырықтандырудың үйлесімі. Бұл жол «индустрияландыруды тікелей бақылайтын» жақтайтындармен қорғалды. Осындай стратегия жалпы аумақтық өндірістік серіктестікке сүйенеді, АСЕАН елдерінің халықаралық деңгейде даму жоспарларының мәмілесі, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және әкімшілік және саяси шаралармен бекітіледі. Үшінші бағыттың апологеттері аймақтық көлемде жеке жобаларды жүзеге асыруды ұсынады және шаруашылықтың кешенді сызбаларына қарсы шығады. Сонымен қатар, аумақтық интеграцияның қозғаушы күштерінің жеке секторының мүмкіндігі талданған. АСЕАН-ның ірі компанияларына күрделі бәсекелестікті құру және аймақтық бизнесте басты орынды алу арқылы көп ұлтты ірі компаниялардың қолайлы өсуіне жағдай жасау туралы ойлар айтылды. Қазіргі таңда АТА-да 1989 жылы құрылған ұйымдар Азия-Тынық мұхиты Ынтымақтастық (АТЭЫ) аймағында серіктестікті дамыту үшін белсенді күштер қабылдануда. Онда АТА-ның қатысуымен өсіп келе жатқан экономикасы бар барлық елдер ұсынылған. Өзіндік сипаты, концепциясы, сонымен бірге қатысушылардың құрамы бойынша АТЭЫ қазіргі аумақтық топтастыру үшін типтік емес ретінде көрінеді. Өздерінің жағдайларымен және шаруашылық дамудың деңгейлерімен, құрылымымен, экономикасымен, салттарымен, психологиямен ерекшеленетін бұл экономикалық бірігу мемлекеттермен құрылған. АТЭЫ-құрылуына жаңылыстырылмай 1989 жылдан кейін 1995 жылы қарашада Осака қаласында қабылданған АТА-ның әсер ету бағдарламасына маңызды көңіл аудару керек. Қабылданған құжат бойынша ырықтандыру мен АТЭЫ аймағында әсер ету процесі жан-жақты сипат алады және ДСҰ-ның барлық стандартына сәйкес келеді. Осы құжат интеграциялық қаңқаны жинауда толығымен барлық элементтерді қамтиды. Онда тарифтерді қысқарту туралы және АТЭЫ-ның елдерінің тарифтік режиміне сәйкес келетін ашықтықты қамтамасыз ету, тарифтік емес шараларды қысқарту, энергетика, көлік және т.б. аумақтарында серіктестік дамыту қажеттілігі мәселелері қарастырылады.

Қазіргі таңда АТЭЫ қалыптасқан құруларға сүйене алады, мысалы АСЕАН, сонымен қатар енжар жұмыс істейтін топтастыруға, мысалы, Тынық Мұхит ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) – ғылыми қызметкерлер мен бизнесмендерді өзене тартатын үкіметтік емес ұйым. Тынық мұхит ұйымдарының құрамын ұмытпау керек, яғни олардың ірі формалары бая және жұмысқа қабілеттігі аз. Сондықтан, АТА-да АТЭЫ-да интеграциялық сипат алатын басқа да құрылымдар пайда болуы мүмкін, ал АТЭЫ-ның өзі аймақ елдері үшін интеграцияның идеологиясын өзіндік құрастырушысы ретінде рөл ойнауы мүмкін.

3.4 Оңтүстік Америкадағы интеграциялық процестер. Тарихи және географиялық себептер бойынша Оңтүстік Америка елдерінің экономикасы көптегн онжылдықтарда жағалауда дамыды. Бұл метрополияның қажеттілік негізінде экономиканың құрылуымен және ішкі континенттік саудада бейімделмегенімен байланысты. Осымен қатар, мынадай мәселе назардан тыс шығып отыр, яғни интеграцияның дамуына кедергі келтіретіні елдердер арасындағы көліктік хабарламалардың жоқтығы, табиғи жағдайлар (Кордильерлер, экваторлық ормандар) көршілер арасындағы айналымды қиындатады. Оңтүстік америкалықтардың ойынша осының барлығы Батыс Еуропа жағдайларынан ерекшеленеді, онда кімнің аумағы көліктік жүйені құруға мүмкіндік беретіні арқылы өзгешеленеді. Өткеннің мұрасы интеграцияға әсерін тигізпеген, себебі аймақ елдерінің ұлттық экономикасы бір-бірін нашар толықтырып тұрды, өзіндік тауарларының сипатына сәйкес келетін экспортқа көңіл бөлді. Латын америкалық елдердің экономикалық дағдарысты жеңу арқылы және әлемдік шаруашылықтың жаңа мәселелеріне бейімделу арқылы ашық экономикаға өтуі, сонымен қатар өндірістік әлеуетті жаңғырту оларға сәйкесінше 80-ші жылдары ұтысты алып келмеді. Экспорттың физикалық көлемдерін

ұлғайту әрекеттері шикізаттың әлемдік құнын азайту үшін валюталық кіріске ілеспеді, қолдампаздық барьерлерге кері әсерін берді. Латын Американың әлемдік тәжірибесін есептей келе жаңа аймақтық интеграциялық тұжырымдама шығарды, ол Латын Американың басқа әлем елдерімен дамуда байланысты дамыту арқылы әлемдік шаруашылыққа баламалы емес интеграцияны ұсынды. Бұл үшін латын америка елдерінің жаңа үлгісіне сәйкес келмейтін интеграция стилін өзгерту міндеті қойылды. «Ашық аймақшылдық» деп аталатын төмен кедендік барьерлерге негізделген және әлемдік нарықта ашық нақты мазмұндалған тұжырым өңделді. Оңтүстік Америкада экономикалық процестерді талдау аймақта интеграцияның үдеуіне алып келген факторларды ұсынады.

Бірінші себеп – саудадағы бәсекелестіктің күшеюі, бір жағынан жаңа технология мен инвестицияны пайдаланудан түскен кірістердің өсуі, басқа жағынан ірі және ашық нарықтарды құруға ынталандырды. Нарықтың шектеулігі мен жабықтығы барлық бағыт бойынша даму қарқынын баяулатуға алып келіп отыр.

Екінші себеп болып латынамерикалық елдермен қабылданған интеграциялық процестерді жеделдетумен 80-ші жылдардың аяғында сыртқы сауданы ырықтандыру танылды. Бірыңғай тарифтерді және тарифтік емес шектеулерді еңгізу арқылы бағдарламаны жүзеге асыру сауданы ырықтандырудың екі және көп жақты келісімге қол қоюға жағдай туғызды, бұл жабық экономика жағдайында жүзеге асыруға мүмкін емес етін. Жеңілдік тарифтерін белгілеу және оларды нақты экономикалық секторда толығымен жою аймақта тауар айналымын ынталандырды. Үшінші себеп аймақтағы механизм интеграциясын түбегейлі қайта қарастырудан тұрады. 1960 жылы еркін сауда аймағын құру туралы «Монтевидео Шартына» қол қойылды, оған мына елдер кіреді – еркін сауданың Латынамерикалық ассоциациясы мүшелері (ЛАЕС). Шарт бойынша қатаң тарифтік жүйе құрылған болатын, ол өзін ақтамады, және қазіргі таңда пайдасыз. Елдер тек өздерінің серіктестеріне ғана емес барлық ЛАЕС мүшелерін ұсынуы тиіс болатын, сонында ортақ пайдаға алып келетін еді. Тәжірибеде елдер өзінің алынған серіктестеріне тауарларды жеңілдік тариф бойынша ұсынуды қойды, себебі бұл автоматты түрде ЛАЕС-тың басқа да мүшелеріне таратылды. Бұл әрине соңында ұлттық экономикаға бәсекеге түскен өндіруші үшінші елдер жағынан залалын алып келді. «Монтевидео Шарты» 20 жылдан кейін қайта қарастырылды және жаңа шарт бойынша, ол сауда келісімдерін бірнеше және бір елмен қорытындыға келді. Тарифтердің жалпы төмендеуі латынамерикалық интеграцияға мақсатқа қызмет етпейді, себебі ол біртіндеп тереңдеуі керек етін, нәтижесінде «құрылыстық блоктар» ретінде және болашақта тарифтерді толығымен алуға қатысушылармен қарастырыла келе келісімге қол қоюға алып келді. Төртінші себепке интергациялық процестердің жеделдету арқылы континенттік саяси өмірге жағымды өзгерістерін жатқызуға болады. Демократияландырудың жаңа басталған процесі, жалпы «футболдық соғыс» ретінде бәсекелестік жойылады деген негіздер береді және экономикалық қайта құруға әсерін тигізбейді.

Оңтүстік Америкада интеграциялық процестердің белсендіруі байқалады, оның ішінде елеулі рөлді МЕРКОСУР (MercadoComundelSur) алады – Аргентинамен, Бразилиямен, Парагваймен және Уругваймен 1991 жылы құрылған елдің оңтүстік конусының жалпы нарығы және қысқа уақытта аймақтық интеграцияның негізгі қатысушысына айналған. Қазіргі таңда МЕРКОСУР – Латын Американың біріктірілген ірі нарығы, онда тұрғынның 45%, ЖІӨ-нің 50% жиынтығы, тікелей шетел инвестициясының 40%, тауар айналымы жиынтығының 60% және континенттің сыртқы сауда көлемінің 33% шоғырланған. МЕРКОСУР-ды құру туралы шартпен барлық баждар мен төрт елдер арасындағы өзара байланысындағы тарифтік шектеулерді тоқтату, яғни субаймақта ЕСА-ны құру: жұмыс күші мен капиталдың еркін әрекеті, кедендік одақтағы білім беру мен бірыңғай сыртқы тарифті еңгізу, валюталық қаржылық аймақта ауыл шаруашылығы мен байланысты, өндірістік аумағында саясатты үйлестіру, еркін өндірістік аймақты біріздендірілген ережелердің жұмыс істеуі, тауарлардың пайда болуының бірыңғай тәртібі. Интеграцияның елеулі табысы көптеген елеулі мәселелердің бірігуінің жоқтығын

білдірмейді. Оларға көлік инфрақұрылымының дамуының жеткіліксіздігі, валюталық бақылаудың сауалы, салық салудың біріздендіруі мен еңбек заңнамасы кіреді. Көптеген қиындықтар интеграцияның бөлудегі қиындықтарымен пайда болады, яғни «әртүрлі қуатымен» ұлттық экономиканың елдердің мүшелігі. Құрылыстық, ұнды, қантты, шарап өнеркәсібі секілді интеграциялық процестердің дамуы және әлеуметтік жағынан осал салалар арасындағы қарама-қайшылықтар пай болады. Нарықтарды бөлуде «ауыр» салалардың қатарына автомобильдік салалар жатады. Әлеуметтік аймақта МЕРКОСУР-дың алдында күрделі міндеттер тұр. Егер кәсіпкерлер интеграцияның оң жақтарын сезінген болса, онда қатысушы елдердің толық емес. Континенттің басқа интеграциялық бірлестігі қатарынан белгілеуге болады:

-Анд пакті (Боливия, Венесуэла, Колумбия, Перу және Эквадор). Осы ұйымды интеграцияның Андтік жүйеге біртіндеп өзгерту қарастырылады және «интеграцияның жоғары деңгейіне» өзара экономикалық серпін беру;

-Орталықамерикалық жалпы нарық (Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Никарагуа және Сальвадор). Еркін сауда аймағы қалыптастырылды, ішкі блокта баждарды тарату және үшін елдерге байланысты шектелген кедендік тарифтерді еңгізу қарастырылады;

-КАРИКОМ немесе Карибтік қауымдастық (Карибтік бассейнің 14 ағылшын тілді елдер)- интеграциялық топтастырудың жеткілікті дамуы, сыртқы тарифтердің бірыңғай қатарын иеленеді.

3.5 Африкадағы интеграциялық процестер. 1960 жылдардан кейін континентте 40 түрлі халықаралық ұйымдардың экономикалық және қаржылық профилі пайда болды, олар экономикалық қызмет аймағының кең шеңбері арқылы интеграцияның дамуына шығып отырды, сонымен қатар жеке салалары шеңберінде де, алайда сәйкес келетін құжаттарда «интеграция» немесе «халықаралық еңбек интеграциясы» деген анықтама болмаған. Интеграциялық процестердің дамуына Африканың метрополиясы үлкен әсерін тигізген, әдетте осындай әсер ету белгілі мақсаттарға жету мен өздерінің мүдделерін өткізбеу үшін және т.б. пайдаланылған. Айтпақшы, мысал ретінде әртүрлі елдердің франктілді, ағылшынтілдес және т.б. топтастыру қызмет ете алады. Бастапқы кезеңде африкалық жағдайларға байланысты спецификалық ұйымдар пайда бола бастады, мысалы, ОМВГ (Гамбия өзенін игеру ұйымы), ОМВС (Сенегал өзені бассейнін игеру Ұйымы), Катар өзені бассейнін дамыту мен пайдалану Ұйымы және т.б. Сонымен қатар африкалық зерттеушілердің бағалауына сәйкес құрылымдар құрылды, олар өзіндік шегінде «процестердің концентрациясы және оларды интеграциялыққа алмастыру» бола алады: Африкалық ағаш өнеркәсібі шаруашылығының Ұйымы, какао өндіретін елдердің Халықаралық Ұйымы, Батыс Африкада күріш шаруашылығын дамытатын Ассоциация және т.б. Алайда мынаны ұмытпау қажет, 60-70 жылдары Африкада ТҰК-на күшті әсер ету байқалды. Бірақ ТҰК-ның қызметі болып өткізу мен жүзеге асыруға дейін сауда ағымын бақылау, аймақтық серіктестік бағдарламасын нақты кезеңде үзді. 80-ші жылдары дамыған елдердің экономикалық дипломатиясының белсенді қызметі нәтижесінде, сонымен қатар африкалық та, нақты негізде әлемдік қауымдастықпен нақты мөлшерде ТҰК-ның серіктестікке деген кейбір тәсілдері реттелді. Ломей сериялары арқылы БО елдерінің қатысушы серіктестіктерінің шарты (және оған кіретін алғашқы метрополиялар) дамып отырған елдермен конвенциялары «қайта өңделді». Алынған қажеттіліктерді ескере отырып, Африкалық Экономикалық Қауымдастықтың (АЭҚ) кезеңімен құрылуы туралы шарттарын жүзеге асыруға көп көңіл бөліне бастады, бұл келісім өз күшіне 1994 жылдың мамырында енді. АЭҚ-ны құрудың біртіндеп алты кезеңге өту жоспары 34 жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен бірге, АЭҚ-тың маңызды элементі қазіргі субаймақтық топтастырулар танылады, атап айтқанда, ЭКОВАС, КОМЕСА, САДК, САМЭСГЦА, ЮДЕАК алғашқы 20 жылда бірінші назарын тек оларға көңіл бөлуін, олардың нығаюы мен қызметінің үйлестіруіне күш салуын жоспарлады. АЭҚ-тан іс жүзінде әсер алу – алыс болашақтың ісі, алайда Қауымдастықты құру процесінің өзі

модернизациясы мен Африкалық елдердің өзара әсер етуінің экономикалық құрылымын біріздендіруге, серіктестіктердің көлемі мен қарқындылығын ұлғайтуға серпін береді, соңында африкалық нарықтардың ұлғаюына алып келуі керек, Африкада ұжымдық негізде құрылатын жаңа ірі кәсіпорындардың және басқалардың қажеттіліктерін жаратандырудың пайда болуы жатады. Батыс Африкада өзінің мақсаты ретінде аймақта жалпы нарықты кезеңімен құру мақсаты болып табылатын Батыс Африка елдерінің Экономикалық Қауымдастығы (ЭКОВАС) қызметін жандандыру байқалады. ЭКОВАС 1975 жылы құрылған, 16 мемлекет құрамына кіреді. Қауымдастықтың жоспарын жүзеге асыру мемлекеттердің экономикалық даму деңгейлеріне негізделген, олардың сәйкес келмейтін шараларының билік және нарықты пайдалану арқылы экономикалық, қаржылық, саудалық және басқа міндеттерді шешуде көптеген қиыншылықтарға алып келеді. ЭКОВАС-тың тиімділігін жоғарылату франктілді және ағылшынтілді субаймақтық елдер арасында кедергісін береді және басқа аумақтарда бұрынғы метрополияға байланыстығы, сонымен қатар Нигерияның ішкі мәселесі кейбір мемлекеттердің ойынша Батыс Африкада интергациялық процестің «локомотиві» ретінде есептейді. Орталық Африкада экономикалық интеграция жоспарында Орталық Африканың Кедендік және Экономикалық Одағы (ЮДЕАК) қарқынды дамыды, сонымен қатар өзінің құрамында алты ел бар. Отыз жыл ішінде ішкіаймақтық сауда 25 есе өсті, ЮДЕАК елдерінің бірігіп қатысуы арқылы бірыңғай сыртқы кедендік тариф еңгізілді. «Француздық франк аймағында» Орталық Африкалық Валюталық Одақ құрылды, оның орталық институты болып Орталық Африканың мемлекеттерінің Банкі болды. Ол барлық қатысушыларға бірыңғай төлем құралдарын шығарады. ЮДЕАК аймағында несиелік қауымдастық органдары қызмет етеді: Орталық Африканың мемлекеттерінің даму Банкі және Ынтымақтастық Қоры. Осы экономикалық топтастырудың даму мәселесіне елдердің экономикалық даму деңгейін және ұлттық экономиканың ішіндегі әлсіз әртараптандыруды, инфрақұрылымның дамымауын, елдер қатарындағы саяси тұрақсыздықты жатқызуға болады. Бұл Шартта белгіленген маңызды міндеттерді шешуге әсерін тигізбейді: капиталдың қызмет ету еркіндігі (ЮДЕАК ішіндегі кедендік барьерлердің біртіндеп таратылуы), өндірістік кооперацияларды орнату, СП-ны құру және т.б. 1994 жылы Одақтың мүшелері ЮДЕАК-ты біртіндеп Экономикалық және Валюталық Қауымдастыққа (ЭВСЦА) трансформациялау туралы шешім қабылдады, яғни жоғары интеграциялық деңгейге шығу.

1) Халықаралық экономикалық интеграция

1. Анықтамасы	
2. Интеграция теорияның авторы	
3. Интеграцияның себептері	
4. Интеграцияның мақсаттары	
5. Интеграциялық бірлестіктердің түрлері	

2) Салыстырыңыз

Еркін сауда аймағы	Кеден одағы	Жалпы нарық	Экономикалық және валюталық одақ
1.	1.		1.
2.	2.		2.
.....

3) Интеграцияның тиімділігі (кестені толтырыңыз)

Статикалық тиімділігі	1.	
	2.	
Динамикалық тиімділігі	1.	
	2.	

4) Европалық Одақ

1. Анықтамасы	
2. Құру жылы	
3. Даму кезеңдері	
4. ЕО басқару механизмдері	
5. ЕО институттары	
6. Мүше елдердің саны және аталуы	

5) Жаңа терминдергі түсініктеме беріңіз:

1. Еркін сауда аймағы
2. Кеден одағы
3. Дүниежүзілік сауда ұйымы
4. ЮНКТАД
5. Халықаралық сауда палатасы
6. Сауда келісімі, сауда және теңізде жүру туралы келісім
7. Барынша қолайлы режим
8. Ұлттық режим
9. Преференциалды режим
10. Жалпы нарық
11. Экономикалық одақ
12. Оффшорлы аймақ
13. Сауда одағы
14. Преференциялар
15. Преференциалды тариф
16. Преференциалды сауда
17. Раунд
18. Статикалық әсері
19. Динамикалық әсері
20. Сауданы құру әсері
21. Саудадағы ауытқу әсері

б) Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық интеграция дегеніміз не?
2. Экономикалық интеграцияның алғышарттары және мақсаттары?
3. Интеграциялық үрдістің негізгі кезеңдері қандай?
4. Әлемдегі интеграциялық топтардың мысалдар келтіріңіз.
5. Кеден одақты құру кезінде қандай экономикалық тиімділіктің типтері пайда

болады?

6. Сауданы құру эффектісін пайда болу себебін түсіндіріңіз
7. Есептер.

1. 1994 жылдан бастап АҚШ пен Канада арасындағы сауда туралы келісім шарты жүзеге асырылды. Ол келесі елдерге қалай әсер етеді:

- а. АҚШ-қа;

- б. Канадаға;
 в. Еуропа елдеріне?
2. Көлік дөңгелегі Чехияда \$100, Ресейде \$80, Польшада \$60. Чехия – кіші ел және оның саудасы әлемдік бағалардың деңгейіне әсер етпейді.
- а. Чехияда Ресей мен Польшадан дөңгелек импортына 100 пайыздық адвалорлық баж тариф енгізіледі. Чехия дөңгелектерді импорттай ма?
3. Егер бұдан кейін Чехия Ресеймен бірігіп кеден одақты құрайтын болса, дөңгелектерді өзі өндіре ма немесе оларды импорттай ма?
- в. Чехия мен Ресей арасында кеден одақты құру жағдайында қандай эффект – сауданы құру немесе саудадан ауытқу – пайда болады?
- г. Делік енді, Чехияда Ресей мен Польшадан дөңгелек импортына 100% емес, 50% адвалорлық баж енгізілген жағдайда Чехия дөңгелектерді импорттай ма?
- д. Егер Чехия Ресеймен бірігіп кеден одақты құрса, дөңгелектерді өзі өндіре ма немесе импорттай ма?
- е. Чехия мен Ресей арасындағы кеден одағын құру жағдайда қандай эффект – сауданы құру немесе саудадан ауытқу пайда болады?
4. Тек қана өндірістік тауарларын өндіретін ел тек қана ауыл шаруашылық және шикізаттық тауарларын өндіретін елмен кеден одақты құрмақшы. Бұндай кеден одағы әр елдің әл ауқаты деңгейінің өсуіне әкеле ма? Неге?
5. Неге ЕО аграрлық протекционизм мақсаттарына кеден баж емес, өтемдік алымдар жүйесі пайдаланады?
6. Еуропадағы интеграциялық үрдістің дамуының қандай жақтары Қазақстан үшін қолайлы немесе қолайсыз болып табылады?

СӨЖ тапсырмалары

1. Тәжірибе сабағына дайындалу, әдебиеттерді оқу.
 2. Өзін-өзі тексеру үшін төмендегі сұрақтарға жауап беру керек:
 - интеграция дегеніміз не?
 - еркін сауда аймағы дегенді түсіндіріңіз.
 - ТМД елдерінің Кедендік Одағын құрудың бірінші кезеңі ретінде қандай аймақ құру жөнінде келісім жасалды ?
 - аймақтық экономикалық интеграцияның негізгі белгілері қандай?
- Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік кеңес: Дәріске дайындалғанда ұсынылған оқулықтардың көмегімен ең алдымен интеграция деген қандай мағынаны білдіретінін және интеграцияның қажетті шарттарын қарастыру керек. Сонымен қатар интеграциялық процестердің дамуы қандай талаптарды қажет етеді? Осы мәселелерді қарастырып алған жөн.
- Екінші сұрақты қарастырар алдында экономикалық одақ дегеннің мағынасын түсініп алу керек. Содан кейін одақтардың негізі түрлерін және олардың қызметтерін атап көрсету керек.
- Үшінші сұрақты қарастырар алдында ТМД елдерінің Кедендік Одағын құрудың бірінші кезеңі ретінде қандай аймақ құру жөніндегі келісім жасалғанын анықтап алу керек. Сонымен қатар Кедендік Одақтың негізгі мақсаттарын атап өту қажет.
- Төртінші сұрақта алдымен аймақтық интеграция қандай мағынаны білдіретінін және оның алғышарттарын қарастырған жөн. Сосын әлемде оның маңыздылығын атап өту қажет.

11 БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА-ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

1. Жүйенің валюталық және қаржылық элементтері
2. Валюта жүйесінің эволюциясы
3. Еуропалық валюталық жүйе

1. Халықаралық валюта-қаржылық жүйе – тауарлар мен өндіріс факторларының халықаралық қозғалысын қамтамасыз ететін, халықаралық келісімдерде бекітілген валюта-қаржылық қатынастарды ұйымдастыру формасы.

Валюта-қаржылық жүйе тауарлардың халықаралық саудасын, қаржы құралдары мен өндіріс факторларының қозғалысын дамытуға мүмкіндік беретін маңызды буын. Ол элементтердің екі тобынан тұрады:

1. Валюталық элементтер:

- ұлттық валюталар;
- олардың бағамы және айналымы;
- валюталық паритет;
- валюталық реттеудің ұлттық және халықаралық механизмдері.

2. Қаржылық элементтері:

- халықаралық қаржы нарықтары;
- нақты қаржылық құралдармен (валюта, бағалы қағаздар, кредит) сауда жасау механизмі.

Халықаралық қаржы жүйесінің жеке элементі ретінде өндіріс факторларының, тауарлардың, қаржы құралдарының қозғалысын қамтамасыз ететін халықаралық есеп айырысуларды атап өтуге болады.

Валюта дегеніміз ақша банкноты түріндегі ақша массасының нақты бөлігі. Өзінің тиесілігіне қарай валюта төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- ұлттық валюта;
- шет елдік валюта.

Әлем елдерінің валюталары белгілеріне қарай бірнеше топқа бөлінуі мүмкін. Жиі кездесетіндері:

- резервтік валюта – бұл елдің төлем балансының теріс сальдосын жабу үшін мемлекеттің халықаралық резервтік активтері ретінде сақталып тұратын валюта;

- еркін қолданылатын валюта – халықаралық келісім-шарттарда төлем жүргізу үшін қолданылатын және әлемдік валюта нарығында еркін сатылатын және сатып алынатын валюта;

- тұрақты немесе қатты валюта – қозғалысы негізінен макроэкономикалық заңдылықтар бойынша жүргізілетін, тұрақты валюталық курспен анықталатын валюта.

Валюта айналымы дегеніміз резиденттер мен бейрезиденттер ешқандай шектеусіз ұлттық валютаны шет елдік валютаға алмастыруы және шет елдік валютаны нақты қаржы активі ретінде қолдануы.

Валюталар айналымы деңгейлері арасындағы айырмашылық – үкіметтің валюта айырбастауға қандай шектеулер белгілеуімен байланысты. Осыған орай, төлем балансындағы операцияларда валюта екі түрге бөлінеді:

- ағымдағы операциялар бойынша айналым – тауарлар, қызметтер және мемлекетаралық аударымдар мен трансферттерге байланысты ағымдағы халықаралық операциялар төлемдеріне шектеу қойылмау;

- капиталды операциялар бойынша айналым – тікелей және портфельді инвестициялар, қарыздар мен капиталдар, гранттар қозғалысына байланысты халықаралық операциялар төлемдері мен трансферттерге шектеу жасамау.

Валютаның параллельді айналымы – мемлекеттің ұлттық валютасымен қатар шет елдердің бір немесе бірнеше валюталарының айналыста қолданылуы. Параллельді айналымның төмендегідей нақты формалары бар:

- долларизация – шет ел валюта бірлігінің төлем бірлігі және айналыс құралы ретінде пайдаланылуы;

-валюталық орын басу – шет ел валюталарының тек айналыс құралы ретінде қолданылуы.

2. Халықаралық валюта жүйесі әлем елдерінің қаржы-ақша жүйесінің негізін құрайды және валюта ресурстары мен халықаралық төлем құралын білдіреді.

Валюталық жүйе тарихы ұзақ және оқиғаларға бай. Жүйенің жіктелуі қандай актив түрінің резервті (жинақ) болып саналуына, яғни қандай актив түрімен халықаралық төлемдердегі теңсіздіктерді реттеуге мүмкін болуына байланысты. Осы белгілеріне қарай валюталық жүйе стандарттары: алтын, алтын-девизді және девизді болып бөлінеді.

Алтын стандарты - ұлттық валюта бірлігіндегі алтынның белгіленуі арқылы Орталық Банктің ұлттық валютаны алтынға айырбастап сату және сатып алу міндеттемесі.

Әрбір валютадағы алтынның құрамы тіркелгендіктен, валюта курсы паритет деп аталады. Бұл кезең 1876-1914 жылдарды қамтыды, Париждік валюта жүйесі деп аталды.

Осы стандарттың негізінде 1922-1944 жылдары Генуя валюта жүйесі қызмет етті.

Үшінші кезең 1944-1976 аралығында Бреттон-Вудс валюта жүйесі деп аталды. Бұл кезеңде алтын-девиз стандарты қалыптасты. Алтын-девиз стандарты – валютаның АҚШ долларына қатысты белгіленген паритетіне негізделген халықаралық валюта жүйесі. Бреттон-Вудс жүйесі бойынша алтын- девиз стандарты тек Орталық банктерге арналған және АҚШ доллары ғана алтынға айырбасталатын валюта болып белгіленді. Сонымен бірге, алтын унциясының курсы 35 доллар болып бекітілді.

Төртінші кезең Ямайкалық валюта жүйесі, 1976 жылдан қазіргі кезге дейінгі аралықты қамтиды. Бұл жүйе қандай-да бір қатаң қызмет ету ережелеріне бағынбайды. Девиздік стандарт – белгіленген және қалқымалы валюта курстарымен қатар қызмет етеді және бұл курс елдер арасындағы келісімдер арқылы, сонымен бірге, Халықаралық Валюталық Қор механизмдері арқылы реттеледі. Сондай-ақ, қосымша резервті қор ретінде арнайы қарыз алу құқығы СДР белгіленген. СДР-дің негізгі қызметі арнайы есеп-шоттан бір елдің екінші елге ақша аударуы арқылы көрінеді, яғни СДР-дің материалдық формасы жоқ. СДР-дің курсы валюта курсы арқылы белгіленеді.

3. 1989 жылы Еуропалық Қауымдастық комиссиясы ЕО елдеріне экономикалық және валюталық Одақ құру жөнінде ұсыныс жасады. Одақ құрылуының алғашқы кезеңінде мүше-елдердің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері жуықтады, яғни ЕО елдері арасында капитал қозғалысына қойылған шектеулер толық алынып тасталды.

Екінші кезеңде «Маастрихт келісімі» негізінде елдер ұлттық экономиканы көпжақты бақылау механизмі негізінде валюталық интеграцияны тереңдетті.

Үшінші кезең 1999 жылы басталды. Бұл кезеңде ортақ еуропалық валютаны енгізу мен Еуропалық Орталық Банк құру ісі жүзеге асырылды.

Еуропалық валюта-экономикалық одақ дегеніміз – ЕО елдерінің валюта-қаржылық интеграциясының даму сатысы, яғни мұнда біртұтас ақша саясатына, ортақ Орталық банкке өту және ортақ валюта енгізу көзделген. Жоғарыда аталғандардың ішінде ең негізгісі 2-кезең болып саналады. Оның келесі себептері бар:

-мемлекеттердің қаржы жүйесіндегі көрсеткіштерді жуықтатуға қатаң бақылау жүргізілді;

-Еуропалық Орталық Банкті құруға және ортақ валюта саясатын жасақтауға арналған Еуропалық валюталық институттың құрылуы;

-экономикалық саясатты бақылау механизмін құру. Бақылауды ЕО Кеңесі мен Еуропалық валюталық институт жүргізеді.

СӨЖ тапсырмалары

1.Осы тақырыптан алған білімді толықтыру үшін келесі сұрақтарға жауаптар дайындау:

1. Халықаралық валюта жүйесінің қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері неде екендігін түсіндіріңіз.

2. Ұлттық валюталық жүйесі мен халықаралық валюта жүйесінің негізгі элементтерін атаңыз.

3. Ұлттық валюталық жүйе дегеніміз не ?

4. Еуропалық валюта жүйесінің даму ерекшелігі қандай ?

5. Паритет дегеннің мағынасын түсіндіріңіз.

3. Реферат дайындау.

Тақырып: Қазіргі кезеңдегі валюта жүйесінің негізгі сипаттамалары және проблемалары.

4. Тақырыпты толық меңгеру және осы тақырыптан алған біліміңіздің дәрежесін тексеру үшін төмендегі сұрақтарға жауап беріп көріңіз (жауаптарыңызды қысқаша жазып дәріс оқитын оқытушыға тапсырыңыз):

-Халықаралық валюталық резервтік бірлікке не жатады ?

-Қазақстан Республикасының валюталық реттеу саясатының даму ерекшеліктерін түсіндіріңіз .

Тапсырманы орындауға қажетті әдістемелік кеңес: 1. Семинар және дәріске дайындалғанда валюта жүйесі мен ұлттық валюта жүйесінің айырмашылығын дұрыстап түсініп алу керек. Үй жұмысын орындайтын дәптерге осы айырмашылықтарды жазып қою керек.

2.Екінші тапсырманың сұрақтарына жауаптар семинар сұрақтарының жауаптарын толықтырады және тереңдетеді. Сондықтан жауаптарды семинар сұрақтарын дайындау барысында табуға тырысу керек.

3. Реферат дайындау барысында дәріс, интернет, оқулықтардан алған, тақырыпқа сәйкес келетін кез келген материалды қолдануға болады.

Рефератты дайындағанда ұсынылған әдебиеттерді қолдана отырып қазіргі экономикалық өсу кезеңінде валюта жүйесінің атқаратын қызметтері, Экономикалық өсудің сапалық көрсеткіштерін атап қана қоймай, оларды түсіндіру қажет. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің маңызын және факторларын, экономикалық өсуге кедергі жасайтын проблемаларды көрсетіңіз.

12 БӨЛІМ. ВАЛЮТА ҚҰНЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТА БАҒАМЫ

1. Валюталық курс және оның түрлері

2. Валюталық курсқа пайыздық ставканың әсері

1. Әрбір елдің валюталық жүйесінің негізгі элементі – оның ұлттық валютасы. Елдің макроэкономикалық операцияларының барлық есебі ұлттық валюта арқылы жүргізіледі. Валюта курсы (бағамы) – ұлттық валюта бірлігінің шет елдік валюта бірлігіне қатынасы. Валюталық курс екі валютаның баға қатынасы ретінде заңды түрде бекітілуі немесе өзара котировка процесінде анықталуы мүмкін.

Валюта котировкасы дегеніміз таңдалған нарықтық механизмдер негізінде валюта курсы анықтау. Көптеген елдерде валюта котировкасының екі түрі қолданылады:

1) тікелей котировка - ұлттық валюта бірлігінің шет елдік валюта бірлігінің белгілі бір шамасына қатынасы → 125 теңге – \$1;

2) жанама котировка – шет ел валюта бірлігінің белгілі бір шамадағы ұлттық валюта бірлігіне қатынасы → \$0,001 – 1 теңге;

3) кросс-котировка – екі валюта бірлігінің бір-біріне қатынасы олардың әрқайсысының үшінші валютаға, негізінен АҚШ долларына қатынасы арқылы анықталады → 1\$ – 120 теңге, 1\$ - 24 рубль, 1 теңге – 4,8 рубль.

Валютаны белгілеу үшін 3 әріпті код қолданылады. Алғашқы 2 әріп елді білдіреді, соңғысы сол елдің валютасы. Мысалы, USD – АҚШ доллары; JPY – Жапон иені, KZT – Қазақстан теңгесі.

Тікелей котировка формуласы:

$$K_{t1} = (x)\$1 \quad (8)$$

Жанама котировканың формуласы:

$$\$1 = K_{t1} \times \frac{1}{x}$$

Ең жиі қолданылатыны – тікелей котировка.

Нарықта шет елдік валютаға сұраныс пен ұсынысты салыстыру процесінде белгіленетін валюталық курс котировкасы уақыттық өлшемді де білдіреді. Қазіргі кезде банктер үшін екі жұмыс күні жеткілікті болып есептеледі, осы кезде құжаттар алмасу, тиісті шоттарды жабу, аударымдар жасау жүргізіледі.

Спот-курс – курс жөніндегі келісімге қол жеткізілгеннен кейін 2 күннің ішінде валюталар айырбасталатын курс.

Форвардтық курс – курс жөніндегі келісімге қол жеткізілгеннен 3 күннен кейін белгілі бір кезеңге дейін валюталардың айырбасталатын келісімді курсы.

Халықаралық экономикада негізінен валюталық курс ретінде спот-курс қабылданады.

